ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 15 маусым №374 Астана қаласы

«Дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық техникаға сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы №736 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 63-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық техникаға сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы №736 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5926 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және басқа да орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, №5, 2010 жыл) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Аталған бұйрықпен бекітілген Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Аталған бұйрықпен бекітілген Медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық техникаға сараптама жүргізу қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде оның көшірмесін мерзімдік баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Е.БІРТАНОВ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы №374 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы №736 бұйрығымен бекітілген

Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 63-бабына сәйкес (бұдан әрі – Кодекс) әзірленді және дәрілік заттарға сараптама жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Кодекстің 63-бабының 2-тармағына сәйкес дәрілік заттарды сараптаманы дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын қамтамасыз ету бойынша денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – мемлекеттік сараптама ұйымы) жүзеге асырады.

3. Сараптамаға Қазақстан Республикасында өндірілген, сондай-ақ оның аумағына әкелінетін дәрілік заттар жатады.

4. Бір атауы бар, құрамындағы белсенді заттар әртүрлі дәрілік заттарға сараптама жүргізілмейді. Қазақстан Республикасында экспорт үшін өндірілетін дәрілік заттарға сараптама Қазақстан Республикасының өндірушілерінің шешімі бойынша жүргізіледі.

5. Сараптамаға өтініш бергенге дейін өтініш беруші сараптама жүргізумен байланысты мәселелер бойынша шарт негізінде мемлекеттік сараптама ұйымынан ғылыми және тіркеу алдында консультация алады.

6. Қан және қан компоненттерінің дәрілік препараттарына сараптама жүргізу үшін мемлекеттік сараптама ұйымы қан қызметі саласында қызметін жүзеге асыратын бейінді ұйымдардан мамандарды тартады.

7. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) биоқолжетімділік – белсенді әсер ететін зат дәрілік түрден сіңірілетін және әсер ету орнында қолжетімді болатын жылдамдық пен дәреже;

2) биологиялық эквиваленттілігі (биоэквиваленттілігі) – фармацевтикалық эквиваленттерді немесе фармацевтикалық баламалардың әсер етуші заты немесе әсер етуші зат молекуласының активті бөлігі тиісті дизайнмен зерттеуде ұқсас жағдайларда бірдей молярлық дозада енгізілген кезде өзінің әсер ету орнында қолжетімді болатын жылдамдығы мен дәрежесі бойынша елеулі айырмашылықтардың болмауы;

3) биосимиляр - сапасы, қауіпсіздігі, тиімділігі бойынша алғаш рет өндірілген (бірегей) дәрілік препаратқа ұқсас және бірегей дәрілік препарат патентінің қолданылу мерзімі өткеннен кейін тіркеуге ұсынылған биотехнологиялық дәрілік препарат;

4) биофармацевтикалық жіктеме жүйесі (бұдан әрі – БЖЖ) – белгілі бір қышқылдылық/сілтілілік көрсеткіші (pH) ортасында ерігіштігінің және ішек қабырғасы арқылы өту дәрежесінің негізінде белсенді әсер ететін заттар жіктемесінің ғылыми жүйесі;

5) бірегей дәрілік зат – тиімділігі мен қауіпсіздігі клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеу нәтижелерімен расталған және толық деректама негізінде тіркелген, жаңа белсенді заттар болып табылатын немесе құрамында жаңа белсенді заттары бар дәрілік зат;

6) гибридті дәрілік препарат - биоқолжетімділікті зерттеу көмегімен оның биоэквиваленттілігін растау мүмкін болмағанда, сондай-ақ бірегей препаратпен салыстырғанда осы препаратта әсер етуші заттың (заттардың), қолданылуы, дозалануы, дәрілік түрі немесе енгізу жолы өзгеріске ұшыраған жағдайда қайта өндірілген дәрілік препараттың анықтамасына тұспа-тұс келмейтін дәрілік препарат;

7) гомеопатиялық препараттар – ең аз дозаларда шығу тегі табиғи заттардан тұратын және арнайы технологиямен өндірілген дәрілік заттар;

8) дәрілік зат – аурулардың профилактикасына, диагностикалауға және емдеуге, сондай-ақ организмнің жай-күйі мен функциясын өзгертуге арналған, адамның организмімен байланысқа түсетін немесе оның ағзалары мен тіндеріне өтетін, құрамында фармакологиялық белсенді заттар бар немесе фармакологиялық белсенді зат болып табылатын зат: дәрілік субстанция, дәрілік шикізат, дәрілік заттардың балк-өнімдері, дәрілік препараттар;

9) дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытынды – мәлімделген дәрілік заттың сараптау нәтижелерінен және мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу мүмкіндігі туралы немесе тиісті рәсімдерді жүргізуден бас тарту туралы ұсынымдардан тұратын құжат;

10) дәрілік заттардың құрамының ұтымсыз комбинациясы – болжамды фармологиялық қасиеттері мен әсеріне сәйкес келмейтін дәрілік заттардың құрамы;

11) дәрілік затты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық – тұтынушыға арналған ақпараттан тұратын және қаптамадағы дәрілік препаратты сүйемелдейтін құжат;

12) дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік құжат – дәрілік заттардың сапасына, сондай-ақ қауіпсіздігі мен сапасының бірдей параметрлерін қамтамасыз ететін оны анықтау әдістемелеріне қойылатын талаптар кешенін белгілейтін құжат;

13) дәрілік субстанция – дәрілік препараттарды өндіруге және дайындауға арналған табиғи шығу тегіне байланысты емес белгілі бір фармакологиялық белсенділігі бар зат немесе заттардың қоспасы;

14) дәрілік субстанциялар мен олардың қоспаларының стандартты үлгілері – сыналатын дәрілік заттардың сараптамасын жүргізген кезде пайдаланылатын салыстыру заттары;

15) дәрілік затты өндіруші ұйым – өндірісті немесе өндірістің бір немесе бірнеше кезеңін жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

16) дәрілік өсімдік шикізаты – жас немесе кептірілген өсімдіктер немесе олардың дәрілік заттарды өндіру немесе дайындау үшін пайдаланылатын бөліктері;

17) жақсы зерделенген медициналық қолдану – тиімділігі жақсы зерделенген, танылған, қауіпсіздік дәрежесі тиімді және тіркеуден кейінгі, эпидемиологиялық зерттеулер бойынша жарияланған деректерге толық библиографиялық сілтемелермен расталған және дәрілік затты бірінші жүйелендірілген және құжаттандырылған қолдану күнінен бастап кемінде 15 жыл өткен дәрілік заттың құрамына кіретін белсенді затты медициналық қолдану;

18) иммундық-биологиялық препараттар – басқа да аурулар мен физиологиялық жай-күйлердің иммунологиялық әдістері көмегімен инфекциялық және иммундық аурулардың (аллергияны қоса алғанда) арнайы профилактикасына, диагностикасына және оларды емдеуге арналған препараттар, сыртқы орта объектілеріндегі инфекциялық агенттер мен олардың антигендерін индикациялауға арналған құралдар, қан препараттары (алу тәсіліне қарамастан), сондай-ақ иммундық жүйе арқылы емдік және профилактикалық әсер ететін препараттар;

19) қайта өндірілген дәрілік зат (генерик) – әртүрлі өндіруші шығарған, белсенді субстанциялардың құрамы, дәрілік түрі, сапа көрсеткіштері, қауіпсіздігі, тиімділігі бойынша бірегей дәрілік затқа ұқсас дәрілік препарат;

20) қауіптерді басқару жоспары – қауіптерді басқару жүйесінің егжей-тегжейлі сипаттамасы;

21) қауіпсіздігі бойынша кезеңді есеп – дәрілік препараттың тіркеуден кейінгі кезеңі бойына белгілі бір уақыт кезеңінде тіркеу куәлігін ұстаушысының дәрілік препараттың пайда-қауіп арақатынасын бағалауды ұсынуына арналған есептің нысаны және мазмұны;

22) Медициналық қолдануға арналған (ICH) дәрілік препараттарды тіркеуге қойылатын техникалық талаптарды үйлестіру жөніндегі халықаралық конференция өңірлерінің елдері – ICH тұрақты мүшелері және (немесе) құрылтайшыларының құрамына кіретін мемлекеттер, реттеуші органдар (Европалық одақ елдері, Америка Құрама Штаттары, Жапония, Швейцария, Канада);

23) Мемлекеттік сараптама ұйымының сараптама кеңесі (бұдан әрі – Сараптама кеңесі) – дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың тиімділігі, қауіпсіздігі мен сапасы жөнінде сараптама, теріс қорытынды беру негізі (себептері) нәтижесінде туындаған даулы мәселелерді қарау жөніндегі мемлекеттік сараптама ұйымында құрылатын алқалы орган;

24) орфандық дәрілік препараттар – орфандық (сирек) ауруларды диагностикалауға және патогенетикалық емдеуге арналған препараттар;

25) өндірістік алаң – дәрілік заттың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың бүкіл өндірістік процесін немесе олардың белгілі бір сатыларын орындауға арналған аумақтық айрықша кешен;

26) өтініш беруші – әзірлеуші, өндіруші-ұйым, дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуді жүргізуге өтініш, құжаттар және материалдарды ұсынуға және сеніп тапсырушының сенімхатында қарастырылған әрекеттерді орындауға уәкілетті өндіруші, тіркеу куәлігінің ұстаушысы немесе олардың сенімді тұлғасы;

27) референтті дәрілік препарат – салыстыру препараты ретінде пайдаланылатын және ол бойынша дәрілік препараттың қасиеті анықталатын (нормаланатын) эталон болып табылатын дәрілік препарат;

28) тіркеу деректамасы – сараптамаға берілген өтінішке ұсынылатын белгілі бір мазмұндағы құжаттар мен материалдар жиынтығы;

29) тіркеу деректамасына өзгерістер енгізу - тіркеу куәлігінің қолданылуы бойында өтініш беруші тіркеу деректамасына енгізетін, дәрілік заттың, медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техниканың қауіпсіздігіне, тиімділігі мен сапасына әсер етпейтін және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен сараптама жасалуға жататын өзгерістер;

30) тиісті өндірістік практика – тіркеу деректамасының талаптарына және олардың тағайындалуына сәйкес стандарттар бойынша дәрілік заттардың өндірісі мен сапасын бақылауға кепілдік беретін сапамен қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі;

31) тіркеу куәлігін ұстаушы – өндіруші ұйым, дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы үшін жауапты және өндіруші берген тіркеу куәлігін иеленуге құжаты бар ұйым;

32) эквиваленттігін зерттеу – ин-виво (организмді ішінен) және (немесе) ин-витро (организмнен тыс) зерттеуді пайдалану кезінде генерик пен бірегей дәрілік зат арасындағы баламалығын айқындайтын зерттеу;

33) «биовейвер» рәсімі – оған сәйкес қайта өндірілген дәрілік заттың (генерик) баламалығын анықтау «Еріту» сынағы пайдаланылатын организмнен тыс (ин-витро) салыстырмалы зерттеулердің жіктемесі мен нәтижелерінің биофармацевтикалық жүйесінің негізінде жүргізілетін және тез босап шығатын қатты дәрілік нысандар үшін қолданылатын рәсім (биофармацевтикалық жіктеме жүйесі бойынша 1 және 3 класс).

2-тарау. Дәрілік заттарға сараптама жүргізу үшін тіркеу деректамасын ұсыну тәртібі

8. Дәрілік затқа сараптама жүргізу үшін өтініш беруші сараптама жүргізуге мемлекеттік сараптама ұйымымен шарт жасасады және Өтініш берушілерге қызмет көрсету орталығына (бұдан әрі – ӨҚО):

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік заттарға сараптама жүргізу үшін өтінішті;

2) электрондық жеткізгіште тіркеу деректамасын:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының өндірушілері сараптамаға ұсынатын құжаттардың тізбесін;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік өндірушілер сараптамаға ұсынатын құжаттардың тізбесін;

3) кемінде алты ай қалдық жарамдылық мерзімімен үш реттік зертханалық сынақ жүргізуге жеткілікті мөлшерде дәрілік заттардың үлгілерін, химиялық заттардың стандартты үлгілерін, биологиялық препараттардың стандартты үлгілерін, микроорганизмдердің тест-штаммдарын, жасушалар өсірінділерін;

4) дәрілік заттарға зертханалық сынақ жүргізген кезде қолданылатын арнайы реагенттерді, шығыс материалдарын;

5) өтініш берушінің мемлекеттік сараптама ұйымының есеп шотына сараптама жүргізуге соманы төлегенін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынады.

Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының өндірушілері сараптама үшін ұсынатын құжаттардың тізбесіне немесе осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес шетелдік өндірушілер сараптама үшін ұсынатын құжаттардың тізбесіне қоса бере отырып дәрілік заттарға сараптама жүргізуге өтінішті қалыптастыруды өтініш беруші жеке пароль бойынша мемлекеттік сараптама ұйымының ақпараттық жүйесінде жүзеге асырады.

9. Шетелдік өндірушілер сараптама үшін ұсынатын дәрілік заттардың тіркеу деректамасының материалдары Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 78 шешімімен бекітілген Медициналық қолдану үшін дәрілік заттарды тіркеу және сараптау қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес келеді.

10. Осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген құжаттарды қабылдағаннан кейін ӨҚО маманы:

1) бағдарламалық жасақтамада өтінішті тіркеуді жүзеге асырады;

2) мемлекеттік сараптама ұйымының ресми сайтында сараптамаға берілген дәрілік заттар туралы ақпаратты (саудалық атауы, халықаралық патенттелмеген атауы, дәрілік түрі, дозасы, концентрациясы, өндіруші ұйым, елі) орналастырады.

3) дәрілік затқа зертханалық сынақ жүргізу әдістемелерін қайта жаңғыртуға қажетті дәрілік заттардың үлгілері, химиялық заттардың стандартты үлгілері, биологиялық препараттардың стандартты үлгілері, микроорганизмдердің тест-штаммдары, жасушалар өсірінділері, арнайы реагенттер, шығыс материалдары үлгілерінің жарамдылығының қалдық мерзімін тексереді және деректерді бағдарламалық жасақтамаға енгізеді.

Сақтау шарттарын сақтау (температуралық режим, ылғалдылығы) қажеттілігі үшін дәрілік заттарды үлгілері, соның ішінде есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар тікелей сынақ зертханасына ұсынылады.

11. Сол бір дәрілік препараттың әртүрлі дәрілік нысанын сараптауға өтініш беруші әрбір дәрілік нысанға өтініш және тіркеу деректамасын ұсынады.

12. Дозалануы, концентрациясы, толтырылу көлемі әртүрлі бір дәрілік түрдегі дәрілік препаратты сараптамаға бір уақытта берген жағдайда өтініш беруші бір өтініш және әрбір дозалануына, концентрацияға, толтырылу көлеміне және қаптамадағы дозалар мөлшеріне қаптамалар макеттері мен заттаңбалар қоса берілген тіркеу деректамасын, сондай-ақ бақылау әдістемелерінде айырмашылық болған жағдайда сапасы жөніндегі нормативтік құжатты ұсынады.

13. Отандық өндіруші эквиваленттілігіне зерттеу деректерісіз сараптамаға қайта өндірілген дәрілік препараттарды ұсынған жағдайда өтініш беруші тіркеу деректамасында хаттама жобасын және клиникалық зерттеулерді есебін ұсыну жөнінде еркін нысанда кепілдік хат ұсынады. Бұл ретте зерттеу жүргізу мерзімі тіркеу кезінде сараптама жүргізу мерзіміне кірмейді.

14. Орфанды препараттарды сараптау кезінде өтініш беруші Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 421 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттарды фармакологиялық қадағалауды және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың жанама әсерлерінің мониторингін жүргізу қағидаларында көзделген нысан бойынша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11485 болып тіркелген) мемлекеттік органға оның нәтижесі дәрігердің қатаң қадағалауымен дәрілік препараттың қолданылуын сақтаумен және жағымсыз әрекеті, маңызды жағымсыз әрекеті туралы және дәрілік препараттың тиімділігінің жоқ екені туралы карта-хабарламаны дереу ұсынумен «пайда-қауіп» арақатынасын қайта бағалау үшін негіз болып табылатын зерттеулер бағдарламасын ұсынады.

15. Өтініш беруші құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, сондай-ақ осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген талаптарды сақтамаған жағдайда өтініш қабылдаудан бас тартады.

3-тарау. Дәрілік заттарға сараптама жүргізу тәртібі

1-параграф. Дәрілік заттарға сараптама жүргізу кезеңдері

16. Дәрілік заттың сараптамасы мынадай кезеңдерден тұрады:

1) бастапқы сараптама (тіркеу деректамасының валидациясы);

2) медициналық мақсаттағы бұйымға зертханалық сынақтар;

3) мамандандырылған сараптама.

17. Сараптама Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінің «Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді басқару жүйесінің» бірыңғай дерекқорымен интеграцияланған «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техника сараптамасы» мемлекеттік сараптама ұйымының электрондық бағдарламасы пайдаланылып жүргізіледі.

2-параграф. Дәрілік заттардың бастапқы сараптамасын (тіркеу деректамасының валидациясын) жүргізу тәртібі

18. Өтініш қабылданғаннан кейін сарапшы осы Қағидалардың 6-тарауында көзделген мерзімдерде дәрілік заттың (тіркеу деректамасының валидациясы) бастапқы сараптамасын өткізеді.

19. Дәрілік заттың (тіркеу деректамасының валидациясы) бастапқы сараптамасы кезінде дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасын дәлелдеуге қатысты тіркеу деректамасында өтініш беруші ұсынған құжаттардың дұрыс ресімделуіне бағалау жүргізіледі.

20. Тіркеу деректамасының құжатына ескертулер болған жағдайда өтініш берушіге анықталған кемшіліктер және күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде оларды жою қажеттілігі көрсетіле отырып хат жіберіледі.

21. Ескертулер жойылмаған жағдайда мемлекеттік сараптама ұйымы дәрілік заттың сараптамасы тоқтатылғаны туралы өтініш берушіге хабарлама (еркін түрде жазылған) жібереді.

22. Дәрілік заттың бастапқы сараптамасының (тіркеу деректамасының валидациясының) нәтижелері бойынша берілген ескертулер ескеріле отырып, осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес дәрілік заттың (тіркеу деренамасының валидациясының) бастапқы сараптамасының есебі немесе осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес дәрілік заттың тіркеу деректамасына енгізілетін өзгерістердің бастапқы сараптамасының (валидациясының) есебі жасалады.

3-параграф. Дәрілік заттардың мамандандырылған сараптамасын жүргізу тәртібі

23. Дәрілік заттың (тіркеу деректамасының валидациясының) бастапқы сараптамасының оң нәтижесі осы Қағидалардың 6-тарауында көзделген мерзімде дәрілік заттың мамандандырылған сараптамасын жүргізу үшін негіз болып табылады.

24. Дәрілік заттың мамандандырылған сараптамасы клиникаға дейін (клиникалық емес), клиникалық зерттеулер материалдарын, биоэквиваленттілігіне жүргізілген сынауды, дәрілік заттың сапасы жөніндегі деректерді талдауды, соның ішінде осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес дәрілік заттардың ұтымды емес комбинацияларының тізбесіне сәйкестік мәніне фармакокинетикалық және (немесе) фармакодинамикалық өзара іс-қимылды бағалау арқылы дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапа мәніне тіркеу деректамасының құжаттарын зерделеуді қамтиды.

25. Дәрілік заттардың мамандандырылған сараптамасын штаттан тыс бейінді сарапшылар тартылып (қажет болған кезде), мемлекеттік сараптама ұйымының сарапшылар тобы жүзеге асырады.

26. Мамандандырылған сараптама кезінде тіркеу деректамасының құжаттарын зерделеу нәтижелері бойынша өтініш берушіге дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы бойынша жиынтық сұрау салу (еркін түрде жазылған) жіберіледі.

27. Өтініш беруші күнтізбелік алпыс күн ішінде жауап және мемлекеттік сараптама ұйымының сұрау салуына қажетті материалдарды жібереді.

Өтініш беруші алдыңғы сұрау салуға жауапты ұсынған мәліметтерге қатысты қосымша сұрақтар туындаған жағдайда өтініш беруші сұрау салуды алған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жауапты және мемлекеттік сараптама ұйымының қосымша сұрау салуына қажетті материалдарды жібереді.

28. Осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес белгіленген мерзімдерде мемлекеттік сараптама ұйымының сұрау салуына өтініш беруші жауап ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ толық емес жауап және қажетті материалдарды ұсынбаған жағдайда дәрілік препаратты және материалдарды бағалау жөніндегі сарапшылардың теріс жиынтық есебі жасалады, дәрілік заттың сараптамасына бас тарту және тоқтату туралы шешім қабылдау үшін Сараптама тобына жіберіледі.

Сараптама тобы келіп түскен материалдарды ай сайын қарайды және шешім нәтижелерін күнтізбелік он күн ішінде жібереді.

29. Мамандандырылған сараптама нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік препаратты бағалау жөніндегі сарапшылар Жиынтық есепті және осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес тіркеу деректамасына енгізілетін өзгерістер кезінде дәрілік препаратты бағалау жөніндегі сарапшылар Жиынтық есепті құрады.

4-параграф. Дәрілік заттардың зертханалық сынақ жүргізу тәртібі

30. Мамандандырылған сараптаманың оң есебі болған жағдайда осы Қағидалардың 6-тарауында көзделген мерзімде дәрілік заттың зертханалық сынақ жүргізіледі.

31. Дәрілік заттың зертханалық сынағы дәрілік заттың қауіпсіздігі мен сапасының көрсеткіштерінің сәйкестігін растау мақсатында мемлекеттік сараптама ұйымының сынақ зертханаларында жүзеге асырылады және:

1) дәрілік заттардың үлгілерінің зерттеуін;

2) талдау әдістемелерінің жаңартылуын айқындауды қамтиды.

Физикалық-химиялық, биологиялық зерттеулер кешенін пайдалана отырып дәрілік заттардың үлгілерінің сынағы әсер ететін және қосымша қоспалардың сандық және сапалық құрамын, сондай-ақ биологиялық қауіпсіздік дәрежесін (микробиологиялық тазалығы, уыттылығы, пирогенділігі) айқындауға бағытталған.

Дәрілік заттардың сапасын бақылау бойынша талдау әдістемесінің қайта өндірілуін айқындау олардың сәйкестігін нормативтік құжатта көзделген сапа бойынша растау мақсатында жүзеге асырылады.

32. Зертханалық сынақ мына жағдайларда жүргізілмейді:

1) дәрілік заттың сапасына жарнама болмаған жағдайда кейіннен қайта тіркеу және тиісті өндірістік практика жағдайларында өндірілген және кемінде сегіз жыл Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында бар дәрілік заттың қауіпсіздігіне фармакологиялық қадағалау нәтижелері бойынша;

2) ICH (АйСиЭйч) өңір елдерінде өндірілген дәрілік заттың сараптамасы;

3) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қайта біліктілік берген дәрілік заттардың сараптамасы;

4) Қазақстан Республикасында өндірілген дәрілік заттарды тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімінің ұзартылуы.

33. Зертханалық сынақ нәтижелері бойынша ескертулер анықталған жағдайда өтініш берушіге анықталған ескертулер көрсетілген және күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімде оларды жою қажеттілігі көрсетілген хат жіберіледі.

34. Осы Қағидалардың 33-тармағына сәйкес белгіленген мерзімдерде мемлекеттік сараптама ұйымының берген хатына өтініш беруші жауап ұсынбаған жағдайда және зертханалық сынақтардың теріс нәтижелерінің жағдайында дәрілік заттың сараптамасынан бас тарту және тоқтату туралы шешім қабылдау үшін Сараптама тобына жіберіледі.

35. Дәрілік заттың зертханалық сынақ нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынақ хаттамасы құрылады.

36. Мемлекеттік сараптама ұйымының сынақ зертханасында дәрілік заттардың үлгілерін зертханалық сынақ жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, соның ішінде олар орфандық, есірткі, психотроптық немесе олардың құнының жоғары болуына байланысты жоғары шығынды нозологияларды емдеуге арналған дәрілер санатына жатқызылған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағына көрсетілген үлгілерді тасымалдау және (немесе) сақтау шарттарын сақтау мүмкін болмауы, арнайы жабдықтың және шығыс материалдарының болмауы салдарынан сараптама ұйымының өкілдерінің қатысуымен өндірушінің сапаны бақылау зертханасында немесе өндіруші пайдаланатын байланыс зертханасында және егер өнімнің сапасы жөніндегі нормативтік құжаттар өндірушінің ауқымды шығындарымен, үлгілердің қымбат болуымен, арнайы жабдықтарды және қосымша қаражатты, айрықша тасымалдау шарттарын талап ететін үлгілермен байланысты сынақтар белгіленген жағдайда зертханалық сынақтар өндірушінің сапаны бақылау зертханасында немесе өндіруші пайдаланатын келісімшарттық зертханада жүргізіледі.

Зертханалық сынақ нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес өндіруші пайдаланатын өндірушінің сапасын бақылау зертханасында немесе келісімшарттық зертханада Зертханалық сынақ жүргізу нәтижелері туралы есеп құрылады.

4-тарау. Дәрілік заттарға жүргізілген сараптама нәтижелерін қалыптастыру тәртібі

37. Өтініш беруші сараптаманың аяқталуына қарай (бастапқы сараптамасы (тіркеу деректамасының валидациясы), мамандандырылған сараптама және зертханалық сынақ) сараптама жүргізу мерзіміне кірмейтін күнтізбелік отыз күн ішінде мемлекеттік сараптама ұйымымен дәрілік препарат туралы жалпы (әкімшілік) мәліметтерді, қорытынды құжаттарды (сапа жөніндегі нормативтік құжаттарды, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтарды және қаптама макеттері таңбалануын, заттаңбаларды, стикерлерді) келіседі.

Келісу жеке кабинет арқылы жеке пароль бойынша электронды түрде немесе келісу парағын ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

38. Дәрілік затқа жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша мемлекеттік сараптама ұйымы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес сараптамаға мәлімделген дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны және осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес тіркеу деректамасына енгізілген өзгерістердің сараптамасына мәлімделген дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны құрады.

39. Мемлекеттік сараптама ұйымы сараптама жүргізген мемлекеттік органға басшының (немесе уәкілетті тұлғаның) электрондық-цифрлық қолы қойылған электрондық түрде:

дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны;

өтініш беруші бекіткен және мемлекеттік сараптама ұйымымен келісілген сапа жөніндегі нормативтік құжатты;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 414 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты жасау және ресімдеу қағидаларына сәйкес әзірленген және сараптама ұйымымен келісілген мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықты: дәрілік затты медициналық қолдану жөніндегі;

мемлекеттік сараптама ұйымымен келісілген мемлекеттік және орыс тілдеріндегі дәрілік заттың қаптама макеттерін, заттаңбаларды, стикерлерді жібереді.

40. Дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапсы туралы қорытынды күнтізбелік жүз сексен күнге жарамды. Қорытындының қолданылу мерзімі өткен жағдайда өтініш беруші дәрілік затқа сараптама жүргізуге өтінішті, құжаттар мен материалдарды қайта береді.

41. Әртүрлі сауда атауларымен экспорт үшін және елдің ішкі нарығына өндірілетін отандық өндірістің дәрілік заттары үшін сараптама қауіпсіздік, тиімділік және сапа туралы бір қорытынды беру арқылы жүргізіледі.

42. Дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы теріс қорытынды беруге:

1) осы Қағидаларда белгілеген мерзімде сараптама жүргізу процесінде өтініш берушіге ескертулер берілгеннен кейін тіркеу деректамасының толық жиынтығын ұсынбау;

2) өтініш берушінің дұрыс мәлімет бермеуі;

3) бұрын тіркелген аналогтармен салыстырғанда қауіпсіздігі мен тиімділігінің барынша төмен болуы;

4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фармакопеясы немесе Қазақстан Республикасы аумағында қолданыста деп танылған фармакопеялармен регламенттелген немесе бұрын тіркелген аналогтармен салыстырғанда сапа және қауіпсіздік көрсеткіштерінің едәуір төмен болуы;

5) дәрілік зат құрамында Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған заттар мен материалдардың болуы;

6) сараптама кезеңдерінің бірінің теріс нәтижелер алуы;

7) өндірісті және сапасын қамтамасыз ету жүйесін бағалау нәтижелері бойынша мәлімделген өнімнің қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасын қамтамасыз ететін жағдайларға өндірістің нақты жағдайлары мен сапаны қамтамасыз ету жүйесінің сәйкес келмеуі;

8) өтініш беруші Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өндіріс жағдайларын және сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау мақсатында кәсіпорынға (өндіріс алаңында) баруды ұйымдастырудан бас тартуы негіз болып табылады.

43. Дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы теріс қорытындысы немесе сараптама басталғаннан кейін өтініш беруші сараптамаға берілген өтінішті кері шақыртып алған жағдайда өтініш берушіге сараптама жұмыстарын жүргізу құны қайтарылмайды.

44. Мемлекеттік сараптама ұйымы сараптама нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес дәрілік препараттың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы бойынша жиынтық есепті қалыптастырады, оның жарты бөлігін мемлекеттік сараптама ұйымының интернет ресурсына орналастырады.

45. Сараптама рәсімі аяқталғаннан кейін мемлекеттік сараптама ұйымы сараптама нәтижесінің (мемлекеттік сараптама ұйымының сұрау салуы бойынша өтініш беруші ұсынған қосымша материалдар, тіркеу деректамасының валидация бойынша есебі, мамандандырылған сараптаманың сарапшылар есебі, сынақ зертханасының хаттамалары) құжаттары мен материалдарынан, қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыдан тұратын тіркеу деректамасының, медициналық қолдану жөніндегі бекітілген нұсқаулық, нөмірі тағайындалған дәрілік заттардың сапасы жөніндегі нормативтік құжат, бекітілген қаптама макеттерінің, заттаңбалардың, стикерлердің электрондық мұрағатта сақталатын электрондық архив данасын қалыптастырады.

Тіркеу куәлігінің қолданысы кезінде архивтік тіркеу деректамасы сараптама нәтижелерінің құжаттары мен материалдарынан тұратын өзгеріс енгізуге берілген тіркеу деректамасымен толықтырылады.

Тіркеу деректамасы он жыл ішінде электрондық жеткізгіште электрондық архивте сақталады.

5-тарау. Дәрілік затқа сараптама жүргізу ерекшеліктері

46. Мемлекеттік сараптама ұйымы мен өтініш берушінің арасында сараптама жүргізу кезеңінде туындайтын түсіндіру немесе нақтылауды өтініш берушінің электрондық-цифрлық қол қоюымен ақпараттық жүйе және мемлекеттік сараптама ұйымы арқылы өтініш берушінің жеке паролі бойынша электрондық құжатты қалыптастыру жолымен немесе қағаз жеткізгіштерде ӨҚО арқылы жүзеге асырылады.

Өтініш беруші сұратылып жатқан құжаттарды ұсыну кезінде сараптама тоқтатыла тұрады.

47. Сараптама шеңберінде мемлекеттік сараптама ұйымы медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтар, қаптама макеттерінің таңбалануы, заттаңбалар, стикерлердің қазақ тіліне аудармасының теңтүпнұсқалығын тексеруді жүзеге асырады.

48. Қазақстан Республикасы үшін ұсынылатын бірегей дәрілік препараттың медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығындағы ақпарат дәрілік препараттың жалпы сипаттамасында жазылған ақпаратқа сәйкес келеді.

Дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта қосымша заттар, дәрілік препараттағы олардың номиналды құрамы, сондай-ақ осы Қағидаларға 14-қосымшаға дәрілік препараттың қолданылуын шектеу туралы ақпарат айқындалады.

49. Қайта өндірілген дәрілік препаратты және биосимилярды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық бірегей дәрілік препараттың жалпы сипаттамасына сәйкес келеді. Қайта өндірілген дәрілік препаратты және биосимилярды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта кеңеюі немесе дозалау режимі немесе енгізу жолдары жағына қолданылуы бойынша бірегей дәрілік препараттан айырмашылық болған жағдайда тиісті клиникалық зерттеулер нәтижелері ұсынылады.

50. Бірегей препараттың тіркеу куәлігінің ұстаушысы өндірушінің немесе тіркеу куәлігі ұстаушысының елінде дәрілік препараттың жалпы сипаттамасын жаңартқаннан кейін күнтізбелік тоқсан күн ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер енгізуге өтініш береді.

51. Мемлекеттік сараптама ұйымы бірегей дәрілік препараттың нұсқаулығына өзгерістер енгізілгеннен кейін немесе халықаралық дереккөз бен фармакологиялық қадағалау нәтижелері бойынша бірегей дәрілік препараттың жалпы сипаттамасындағы өзгерістер туралы анықталған кезде ақпараттық ресурстар арқылы генерик препараттардың тіркеу куәлігін ұстаушыларының барлығына күнтізбелік тоқсан күн ішінде және қалған жағдайларда он екі ай ішінде тіркеу деректамасына өзгерістер енгізу рәсімі арқылы медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа тиісті өзгерістер енгізу қажеттігі туралы хабардар етеді. Бірегей препараттың тіркеу куәлігінің ұстаушысы фармакологиялық қадағалау және ресми халықаралық дереккөз нәтижесінде анықталған сәйкессіздіктер бойынша мемлекеттік сараптама ұйымының хабарламасының (еркін түрде жазылған) негізінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер енгізеді.

52. Осы Қағидалардың 50 және 51-тармақтарында көрсетілген шартты орындамаған кезде мемлекеттік сараптама ұйымы тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін тоқтату қажеттігі туралы дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника айналысы саласындағы мемлекеттік органды хабардар етеді (бұдан әрі – мемлекеттік орган).

53. Мерзімсіз тіркеу куәлігі бар дәрілік заттарға мемлекеттік сараптама ұйымы өтініш беруші мен мемлекеттік сараптама ұйымы арасындағы шарт негізінде мемлекеттік сараптама ұйымының шығыстарын өтеумен бірге фармакологиялық қадағалау негізінде пайда немесе қауіп арақатынасын мерзімдік бағалауды жүзеге асырады.

54. Тіркеу деректамасына енгізілетін өзгерістерді сараптау тіркеу куәлігінің қолданыс кезеңінде дәрілік затқа жүзеге асырылады және дәрілік препараттың пайда-қауіп арақатынасына теріс әсерін тигізбейді.

55. Өзгерістер осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес дәрілік заттардың тіркеу деректамасына енгізілетін өзгерістер тізбесіне сәйкес:

1) жаңадан тіркеуді талап етпейтін – (дәрілік препараттың сапасы, қауіпсіздігі, тиімділігіне елеусіз әсер ететін немесе әсер етпейтін елеусіз өзгерістер және дәрілік препараттың тіркеу куәлігінің қолданылу кезеңінде берілген тіркеу деректамасы материалдарының мазмұнына түзетулер енгізуге қатысты) IA типті өзгерістерге;

2) жаңадан тіркеуді қажет етпейтінін (IA және II типті өзгерістер болып табылмайтын елеусіз өзгерістер) – IБ типті өзгерістерге;

3) дәрілік препаратты жаңадан тіркеуді қажет етпейтін және оның сапасына, қауіпсіздігі мен тиімділігіне елеулі әсер ететін тіркеу деректамасының материалдарына енгізілетін кез келген өзгерістер – II типті өзгерістерге;

4) тіркелген (қайта тіркелген) дәрілік препаратты қолданғанда қоғам денсаулығына келетін қауіпті анықтаған жағдайда өтініш беруші енгізетін дәрілік препаратты пайдалану қауіпсіздігімен байланысты жедел уақытша шектеулер –дәрілік заттың қауіпсіздігіне қатысты жедел өзгерістерге жіктеледі. Тіркеу куәлігінің ұстаушысы жиырма төрт сағат ішінде енгізілетін шектеулер туралы мемлекеттік органға хабарлайды. Егер осы ақпаратты алғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде мемлекеттік органнан наразылық келіп түспесе, қауіпсіздігімен байланысты жедел шектеулер қабылданған болып саналады. Шектеулерді іске асыру мерзімдерін тіркеу куәлігінің ұстаушысы мен мемлекеттік орган келіседі.

Қауіпсіздікпен байланысты жедел шектеулерді адамның өмірі мен денсаулығына қауіпі болған кезде мемлекеттік орган бастама жасайды.

Жедел шектеулерді енгізуге қатысты өзгерістер енгізуге берілген өтінішті (тіркеу куәлігінің ұстаушысы немесе мемлекеттік орган бастама жасаған) тіркеу куәлігінің ұстаушысы хабардар етілген сәттен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей қарауға ұсынылады.

56. Бір мезгілде оларға өзгеріс енгізілген жағдайда да әрбір нақты өзгеріс сараптауға жатады.

57. Осы Қағидаларда жіктелмеген өзгерістер енгізілген жағдайда өтініш беруші өзгерістерді жіктеу бойынша ұсыныстар алу мақсатында консультация рәсімі арқылы мемлекеттік сараптама ұйымына жүгінеді.

Мемлекеттік сараптама ұйымы өтініш берушіден сұрау салу алғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде өтініш берушіге электрондық және (немесе) қағаз түрінде жауапты жібереді.

58. IA типті өзгерістер енгізу кезінде:

1) IA типті өзгерістер мамандандырылған сараптаманы жүргізбей мемлекеттік сараптама ұйымының бағалауына жатады. Өтініш беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес тиісті өзгерістерді енгізілген күннен бастап он екі ай ішінде енгізілген өзгерістерді құжаттарды растайтын ұсынады;

2) өтініш беруші дәрілік затты үздіксіз бақылау мақсатында дереу хабарлауды қажет ететін IA типтегі өзгерістер жағдайында мемлекеттік сараптама ұйымына хабарлайды;

3) тіркеу куәлігінің ұстаушылары бір өтініш шеңберінде бір тіркеу куәлігіне қатысты IA типті бірнеше елеусіз өзгеріс туралы хабарлайды;

4) мемлекеттік сараптама ұйымы төлем жүргізілген сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде IA типті өзгерістерге бағалау жүргізеді және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу деректамасына өзгерістер енгізу мақсаттарында сараптамаға мәлімделген дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы туралы өзінің қорытындысы туралы тіркеу куәлігінің ұстаушысын хабардар етеді;

5) тіркеу куәлігі деректерін өзгертуді талап ететін өзгерістер енгізілген жағдайда мемлекеттік орган тіркеу куәлігі қолданылуының қалдық мерзіміне бұрынғы нөмірмен жаңа тіркеу куәлігін береді.

59. IБ типті өзгерістер енгізген кезде:

1) өтініш беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) тіркеу куәлігінің ұстаушылары бір өтініш шеңберінде бір тіркеу куәлігіне қатысты IБ типті бірнеше өзгерістер туралы хабарлай алады немесе осындай топтама осы Қағидаларға 15-қосымшада санамаланған шарттарға сәйкес келген жағдайда бір тіркеу куәлігімен байланысты IA типті басқа өзгерістермен IБ типті бір немесе бірнеше өзгерістерді топтастыра алады;

3) тіркеу куәлігінің деректерін өзгертуді талап ететін өзгерістер енгізілген жағдайда мемлекеттік орган тіркеу куәлігі қолданылуының қалдық мерзіміне бұрынғы нөмірімен жаңа тіркеу куәлігін береді.

60. IA типті және IБ типті басқа да бірізді өзгерістерге әкелетін IБ типті өзгерістер енгізілген жағдайда I типті барлық бірізді өзгерістерді қамтитын бір өтініш беріледі.

61. II типті елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда:

1) өтініш беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) өтініште II типті бір өзгеріс болады. Егер II типті бірнеше өзгерісті енгізу қажет болса, жекелеген өтініштер әрбір өзгеріске қатысты беріледі, әрбір өтініш басқа өтінішке сілтемелерді қамтиды;

3) егер II типті өзгеріс II типті басқа да бірізді өзгерістерге әкелсе, бір өтініште II типті осындай бірізді өзгерістер арасында сәйкестіктер сипатталуымен бірге барлық бірізді өзгерістер қамтылады.

Мемлекеттік сараптама ұйымы II типті өзгерістер енгізген кезде өтініш қабылдағаннан кейін күнтізбелік тоқсан күн ішінде құжаттарға сараптама жүргізеді.

62. Жаңадан тіркеуді қажет етпейтін тіркеу деректамасына I және II типті енгізілетін өзгерістер кезінде дәрілік заттардың енгізілетін өзгерістерін бағалау бойынша жиынтық есеп осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

63. Жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша мемлекеттік сараптама ұйымы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу деректамасына енгізілетін өзгерістердің сараптамасына мәлімделген дәрілік заттардың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы туралы қорытынды құрады.

6-тарау. Дәрілік затқа сараптама жүргізу мерзімдері

64. Қазақстан Республикасында немесе ICH (АйСиЭйч) өңір елдерінде өндірілген дәрілік заттарды қоспағанда дәрілік затқа сараптама күнтізбелік екі жүз он күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі, соның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу деректамасының валидациясы) – күнтізбелік отыз күн;

(Жалғасы 14-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-бетте)

2) мамандандырылған сараптама – күнтізбелік тоқсан күн (оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын тексеру күнтізбелік жиырма күн ішінде);

3) зертханалық сынақтар – күнтізбелік жетпіс күн;

4) дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру - күнтізбелік жиырма күн.

65. Тіркеу дерекнамасының қолданылу мерзімін ұзарту кезінде дәрілік заттың сараптамасы күнтізбелік жүз жиырма күн ішінде жүргізіледі, соның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) – күнтізбелік жиырма күн;

2) мамандандырылған сараптама – күнтізбелік тоқсан күн (оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын тексеру күнтізбелік он бес күн ішінде);

3) дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру – күнтізбелік он күн.

66. Тіркеу дерекнамасына IA типті енгізілетін өзгерістердің сараптамасы күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі, оның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) – күнтізбелік он күн;

2) медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын тексеру – күнтізбелік он күн;

3) қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру - күнтізбелік он күн.

67. Тіркеу дерекнамасына IБ типті және II типті енгізілетін өзгерістердің сараптамасы зертханалық сынақ жүргізу кезеңімен күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі, оның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) – күнтізбелік он бес күн;

2) мамандандырылған сараптама – күнтізбелік алпыс бес күн, оның ішінде зертханалық сынақтар (оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын тексеру күнтізбелік он күн ішінде);

3) қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру – күнтізбелік он күн.

68. Тіркеу дерекнамасына IБ типті және II типті енгізілетін өзгерістердің сараптамасы зертханалық сынақ жүргізу кезеңінсіз күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі, оның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) – күнтізбелік он күн;

2) мамандандырылған сараптама - күнтізбелік қырық күн (оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын тексеру күнтізбелік он күн ішінде);

3) қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру – күнтізбелік он күн.

69. Қазақстан Республикасында өндірілген дәрілік затқа сараптама күнтізбелік жүз сексен күн ішінде жүргізіледі, оның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) – күнтізбелік жиырма күн;

2) мамандандырылған сараптама – күнтізбелік тоқсан бес күн, (оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын тексеру күнтізбелік жиырма күн ішінде);

3) зертханалық сынақтар – күнтізбелік елу күн;

4) қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру – күнтізбелік он бес күн.

70. Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту кезінде Қазақстан Республикасында өндірілген дәрілік заттың сараптамасы күнтізбелік жүз күн ішінде жүргізіледі, оның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) – күнтізбелік он бес күн;

2) мамандандырылған сараптама - күнтізбелік жетпіс күн, (оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын тексеру күнтізбелік он бес күн ішінде);

3) қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру – күнтізбелік он бес күн.

71. Қазақстан Республикасында өндірілген дәрілік затқа тіркеу дерекнамасына IA типті енгізілетін өзгерістерге сараптама күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі, оның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) – күнтізбелік он күн;

2) қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру (оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын тексеру) – күнтізбелік жиырма күн.

72. Қазақстан Республикасында өндірілген дәрілік затқа тіркеу дерекнамасына IБ типті және II типті енгізілетін өзгерістердің сараптамасы зертханалық сынақ жүргізу кезеңімен күнтізбелік тоқсан күн ішінде жүргізіледі, оның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) – күнтізбелік он бес күн;

2) мамандандырылған сараптама – күнтізбелік алпыс күн, оның ішінде зертханалық сынақтар (оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын растау күнтізбелік он күн ішінде);

3) қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру - күнтізбелік он бес күн.

73. Қазақстан Республикасында өндірілген дәрілік затқа тіркеу дерекнамасына IБ типті және II типті енгізілетін өзгерістердің сараптамасы зертханалық сынақ кезендерісіз күнтізбелік алпыс күн ішінде жүргізіледі, соның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) – күнтізбелік он күн;

2) мамандандырылған сараптама – күнтізбелік қырық күн, (оның ішінде зертханалық сынақтар (оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын растау күнтізбелік он күн ішінде);

3) қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру – күнтізбелік он күн.

74. ICH (АйСиЭйч) өңір елдерінде өндірілген дәрілік затқа сараптама күнтізбелік жүз сексен күн ішінде жүргізіледі, оның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) – күнтізбелік отыз күн;

2) мамандандырылған сараптама – үнтізбелік жүз жиырма күн, (оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын растау күнтізбелік жиырма күн ішінде);

3) қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру – күнтізбелік отыз күн.

75. ICH (АйСиЭйч) өңір елдерінде өндірілген дәрілік заттарға сараптама, тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту кезінде күнтізбелік жүз күн ішінде жүргізіледі, оның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) – күнтізбелік жиырма күн;

2) мамандандырылған сараптама – күнтізбелік жетпіс күн, оның ішінде зертханалық сынақтар (оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын растау күнтізбелік он бес күн ішінде);

3) қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру - күнтізбелік он бес күн.

76. ICH (АйСиЭйч) өңір елдерінде өндірілген дәрілік заттарға тіркеу дерекнамасына IA типті енгізілетін өзгерістер сараптамасы күнтізбелік отыз күн ішінде жүргізіледі, оның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) – күнтізбелік он күн;

2) қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру (оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын растау) – күнтізбелік жиырма күн.

77. ICH (АйСиЭйч) өңір елдерінде өндірілген дәрілік заттарға тіркеу дерекнамасына IБ типті және II типті енгізілетін өзгерістер сараптамасы, зертханалық сынақты жүргізу кезендерісіз күнтізбелік алпыс күн ішінде жүргізіледі, соның ішінде:

1) дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) – күнтізбелік он күн;

2) мамандандырылған сараптама – күнтізбелік қырық күн, (оның ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың, қаптама макеттері таңбалануының, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ тіліне аудармасы немесе теңтүпнұсқалығын растау күнтізбелік он күн ішінде);

3) қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытындыны қалыптастыру – күнтізбелік отыз күн.

78. Дәрілік заттың сараптамасын жүргізу мерзімдеріне:

1) тіркеу дерекнамасының жиынтығын толтыру уақыты;

2) өтініш берушінің сараптаманың кез келген кезеңінде сұрау салу бойынша құжаттар мен материалдарды ұсыну уақыты;

3) өндіруші ұйымның өндіріс талаптары мен сапаны қамтамасыз ету жүйесіне, клиникаға дейінгі және (немесе) клиникалық зерттеулер жүргізу талаптарына, тіркеу куәлігін ұстаушының фармакологиялық қадағалау жүйесіне бағалау жүргізуді ұйымдастыру уақыты;

4) осы Қағидалардың 13-тармағымен айқындалған шарттарды сақтау кезінде клиникалық зерттеулердің есебін ұсыну мерзімдері. Бұл ретте есепті ұсыну мерзімдері мамандандырылған сараптама басталған сәттен бастап күнтізбелік жүз жиырма күннен аспайды;

5) Сараптама кеңесін ұйымдастыру және жүргізу;

6) өтініш берушімен қорытынды құжаттарды келісу кірмейді.

Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Дәрілік затқа сараптама жүргізуге өтініш*

1.	Саудалық атауы	қазақ тілінде			
		орыс тілінде			
		ағылшын тілінде			
2.	Экспортқа саудалық атауы (отандық өндірушілер үшін)	қазақ тілінде	орыс тілінде	ағылшын тілінде	елі
3.	Халықаралық патенттелмеген атауы	қазақ тілінде			
		орыс тілінде			
		ағылшын тілінде			
4.	Дәрілік түрі	қазақ тілінде			
		орыс тілінде			
5.	Дозасы/ концентрациясы (Бар болса, толтырылады. Көлемі қаптамасына толтырылады)	Концентрациясы сұйық, жұмсақ және газ тәріздес дәрілік түрлер үшін көрсетіледі			
6.	Анатомия-терапиялық-химиялық жіктемесі (АТХ)	Коды			
		Қазақ тіліндегі атауы			
		Орыс тіліндегі атауы			

7.	Дәрілік затың типі (тиісті дәрілік препаратқа толтырылады)	
1)	□ Бірегей дәрілік препарат	
	□ Бір компонентті	□ Көп компонентті
	□ Биологиялық дәрілік препарат	□ Балк-өнім
	□ GMP жағдайында емес өндірілген активті фармацевтикалық субстанция немесе дәрілік өсімдік шикізат	
2)	□ Қайта өндірілген дәрілік препарат	
	□ Бір компонентті	□ Көп компонентті
	□ Балк-өнім	
	Бірегей дәрілік препарат:	
	Дәрілік препараттың атауы, дозасы, дәрілік түрі	
	Тіркеу куәлігінің ұстаушысы (оның атына тіркеу куәлігі берілген компания), тіркеу күні, тіркеу куәлігінің нөмірі, бірегей дәрілік препарат қай мемлекетте тіркелген	
	Баламалығына зерттеуде пайдаланылатын отандық өндірушілер үшін референтті дәрілік препарат (егер осындай зерттеу жүргізілсе)	
	дәрілік препараттың атауы, дозасы, дәрілік түрі	
	Тіркеу куәлігінің ұстаушысы (оның атына тіркеу куәлігі берілген компания), тіркеу күні, тіркеу куәлігінің нөмірі, референтті дәрілік препарат қай мемлекетте тіркелген	
	Бірегей препараттан айырмашылығы болған кезде референтті препаратты пайдалану негіздемесін келтіру	
	Ескерту: бөлімді баламалыққа зерттеулерде пайдаланылатын әрбір дәрілік препаратқа толтыру қажет.	
3)	□ Биологиялық ұқсас дәрілік препарат (Биоаналог)	
	□ Балк-өнім	
	Бірегей биологиялық дәрілік препарат:	
	дәрілік препараттың атауы, дозасы, дәрілік түрі	
	Тіркеу куәлігінің ұстаушысы (оның атына тіркеу куәлігі берілген компания), тіркеу күні, тіркеу куәлігінің нөмірі, референтті дәрілік препарат қай мемлекетте тіркелген	
	Тіркеу куәлігінің ұстаушысы (оның атына тіркеу куәлігі берілген компания), тіркеу күні, тіркеу куәлігінің нөмірі, бірегей дәрілік препарат қай мемлекетте тіркелген	
	Референтті биологиялық дәрілік препарат:	
	дәрілік препараттың атауы, дозасы, дәрілік түрі	
	Тіркеу куәлігінің ұстаушысы, тіркеу күні, тіркеу куәлігінің нөмірі, референтті дәрілік препарат қай мемлекетте тіркелген	
	Референтті биологиялық препаратпен салыстырғандағы айырмашылық (егер осындайлар болса)	□ бастапқы материалдағы айырмашылық; □ өндіру процесіндегі айырмашылық; □ қолдануға қойылатын басқа да көрсетілімдер; □ дәрілік түріндегі айырмашылық; □ басқа дозалар; □ (активті фармацевтикалық субстанциялардың сандық өзгерістері); □ енгізудің басқа да тәсілдері; □ басқа да айырмашылықтар _____
4)	□ Гибридті дәрілік препарат	
	□ Бір компонентті	□ көп компонентті
	□ Балк-өнім	
	Бірегей дәрілік препарат:	
	дәрілік препараттың атауы, дозасы, дәрілік түрі	
	Тіркеу куәлігінің ұстаушысы, тіркеу күні, тіркеу куәлігінің нөмірі, бірегей дәрілік препарат қай мемлекетте тіркелген	
	Бірегей дәрілік препаратпен салыстырғандағы айырмашылығы	□ активті фармацевтикалық субстанцияның өзгеруі □ Басқа дәрілік түрі; □ Басқа дозалануы (активті фармацевтикалық субстанцияның сандық өзгеруі) □ енгізудің басқа да тәсілдері; □ басқа фармакокинетика (басқа да биоқолжетімділікті қоса алғанда); □ қолдануға қойылатын басқа да көрсетілімдер: □ басқа да айырмашылықтар _____

5)	□ Құрамдас дәрілік препарат	
	□ Белгілі комбинация	□ Жаңа комбинация
	□ Балк-өнім	
	Бірегей дәрілік препарат (белгілі комбинация жағдайында)	
	дәрілік препараттың атауы, дозасы, дәрілік түрі	
	Тіркеу куәлігінің ұстаушысы, тіркеу күні, тіркеу куәлігінің нөмірі, бірегей дәрілік препарат қай мемлекетте тіркелген	
6)	□ Жақсы зерделенген медициналық қолдануы бар дәрілік препарат	
	□ Балк-өнім	
	дәрілік препараттың атауы, дозасы, дәрілік түрі	
	Тіркеу куәлігінің ұстаушысы, тіркеу күні, тіркеу куәлігінің нөмірі	
7)	□ Радиофармацевтикалық дәрілік препарат	
	□ Балк өнім	
	□ радиофармацевтикалық жиынтық	
	□ радионикулид прекурсоры	
	□ радионуклид көзі (бастапқы және қайталама) (болған кезде)	
	генератор	
8)	□ Гомеопатиялық дәрілік препарат	
	□ жаңа гомеопатиялық препарат	□ фармакопея және монографияға енгізілген гомеопатиялық препарат
9)	□ Өсімдік дәрілік препарат	
	Өсімдіктің биноминалды ғылыми атауы (тегі, түрі, әртүрлілігі)	
	Шикізаттың шығу көзі (зертханалық коды)	
	туынды өсімдіктің бөлігі	
	Өсімдік тектес субстанцияның атауы (анықтамасы) және басқа да атаулары (басқа да Фармакопеяларда көрсетілген синонимдер)	
10)	□ Орфанды дәрілік препарат	
	Дәрілік препаратқа Қазақстан Республикасында орфандық дәрілік препарат статусы тағайындалған ба	
	□ Жоқ □ Қарау процесінде □ Иә	
	Күні	
	Орфанды дәрілік препаратты тіркеу куәлігінің нөмірі	
	Орфандық дәрілік препарат статусын тағайындаудан бас тартылды	
	Күні	
	Шешімнің нөмірі	
	Статус тағайындауға ұсынылған өтініш кері қайтарылды: күні	
8.	Өтініш берушінің елінде босатылу түрі	Дәрігердің рецептісі арқылы Дәрігердің рецептісінсіз
9.	Енгізу тәсілдері	
10.	Енгізу құрылғылары бойынша ақпарат	

11.	Қаптамасы (мәнінің тізімі толтырылады)							
№	Түрі (бастапқы немесе қайталама)	Атауы	Өлшемі (бар болса)	Көлемі (бар болса)	Қаптамадағы бірлік саны	Қысқаша сипаттамасы		
1.	Бастапқы							
2.	Қайталама							
3.	Қайталама қаптаманың штрих коды (GTIN) (Джитин)	Әрбір дозалануына/концентрацияға штрих коды көрсету						
12.	Толық сапалық және сандық құрамы (мәнінің тізімі толтырылады)							
№	Заттың типі (белсенді немесе қосымша)	Атауы	Дәрілік түрдің бірлігіне мөлшері	Сапаны реттейтін нормативтік құжат немесе шығарылған жылы көрсетілген Фармакопея	Өндіруші, өндіріс алаңының елі мен мекенжайы (белсен-ді заттар үшін)	Есірткілерді бақылау жөніндегі халықаралық комитет бақылайды (бар болса белгіленеді)	Улы заттардың болуы (бар болса белгіленеді)	Жабайы өсетін немесе өсірілетін (дәрілік өсімдік шикі-заты үшін) және өндірілетін орны	Адам немесе жануар тектес белгілер (бар болса, белгіленеді)
1.	Белсенді					II кесте III кесте IV кесте	1 тізім 2 тізім		
2.	Қосымша								

13.	Активті дәрілік субстанцияның атауы		
14.	Дәрілік заттың сақталу мерзімі	ұсынылатын сақтау мерзімі	
		ұсынылатын қолдану кезеңі (контейнерді алғаш ашқаннан кейін)	
		ұсынылатын қолдану кезеңі (еріту немесе сұйылтудан кейін)	
15.	Тасымалдау шарттары		
16.	Сақтау шарттары	ұсынылатын сақтау шарттары	
		қаптаманы алғаш ашқаннан кейін ұсынылатын сақтау шарттары	
17.	Өндіруші елде және басқа елдерде тіркеу		
1.	Елдің атауы	Тіркеу куәлігінің № (бар болса, көрсетіледі)	Берілген күні / Қолданыс мерзімі
2.			
18.	Өнертабысқа және пайдалы модельге қорғау құжатының болуы, тауарлық белгісі		
	Қорғау құжатының атауы	Қорғау құжатының №	Берілген күні / Беру мерзімі
19.	Өндіріс	1) Толығымен осы өндірісте 2) Ішінара осы өндірісте 3) Толығымен басқа өндірісте	
20.	Дәрілік препарат өндіруші(лер)сі және өндіріс учаске(лер)сі (дәрілік препараттың бөлігі болып табылатын кез келген компонент өндірісі учаскелерін қоса (оның ішінде дәрілік түр ерітіндісі)		

№	Өндірушінің типі	Атауы, елі (мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде)	Рұқсат құжатының №, күні мен мерзімі	Заңды мекен-жайы	Нақты мекен-жайы	Телефон, факс, e-mail	Басшының Т.А.Ә., лауазымы	Байланыстағы адамның Т.А.Ә., лауазымы
1)	Өндіруші							
2)	Лицензияны ұстаушы		Өндіруші елдің уәкілетті органдары өндіріске берген лицензия бойынша деректер					
3)	Тіркеу куәлігін ұстаушы							
4)	Қаптаушы кәсіпорын							
5)	Өтініш беруші немесе өкілдік		Сенімхат бойынша деректер					
6)	Қазақстан Республикасында фармакологиялық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті тұлға							

21.	Қан және оның вакциналарының сапасын бақылау жөніндегі өндіруші елдің зертханасы, сапасына/сериясының шығарылуына бақылауға жауапты адам	
	Зертхананың атауы	
	Қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы	
	Елі	
	Телефон/факс	
	Электрондық почта	
22.	Қазақстан Республикасында берілген тіркеу куәлігінің № (тіркеу куәлігінің қолданыс мерзімін ұзарту кезінде)	
23.	Дәрілік заттардың тіркеу деректеріне енгізілетін өзгерістер (өзгерістер енгізу-өтінім типі кезінде толтырылады) (енгізілетін өзгерістерді көрсету)	

№	Өзгерістер типі	Өзгерістер енгізілгенге дейін редакция	Енгізілетін өзгерістер

24.	Дәрілік заттарға сараптама жүргізуге шарт бойынша деректер	
1.	шарттың №	
2.	Жасалған күні	
3.	Қолданыс мерзімі	
25.	Сараптама жүргізуге ақы төлеуді жүзеге асыратын субъект	
1.	Атауы	
2.	Елі	
3.	Заңды мекенжайы	
4.	Нақты мекенжайы	
5.	Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы	
6.	Телефон	
7.	Факс	
8.	e-mail	
9.	Бизнес сәйкестендіру нөмірі	
10.	Жеке сәйкестендіру нөмірі	
11.	Банк	
12.	Есеп шот	
13.	Валюталық шот	
14.	Коды	
15.	Банктік сәйкестендіру коды	
Күні:		
Өтініш берушінің жауапты тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты		
Қолы, мөрі		

Ескерту:

* Өтініштің осы нысаны Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 735 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және олардың тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында уәкілетті орган беретін тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту кезінде де және тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістер кезінде ұсынылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5935 болып тіркелген).

Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларына 2-қосымша

Қазақстан Республикасының өндірушілері ұсынған тіркеу деректері құжаттарының тізбесі

р/с №	Құжаттар атауы
1	2
	I бөлім Жалпы құжаттама*
IA1.	GMP сертификаты (соңғы инспекция күні мен нәтижелері көрсетілген нотариат куәландырған)
IA2.	Фармацевтикалық қызметке мемлекеттік лицензияның көшірмесі (нотариат куәландырған)
I A3.	Лицензияға қосымша (өсімдік шикізаты үшін – отандық өндірушілер үшін дайындауға рұқсат алу)
I A4.	Егер өндірістік процесте бірнеше өндіруші қатысатын болса, IA2, IA3, IA4 тармақтарының құжаттары өндірістің барлық қатысушыларына ұсынылады
I A5.	Өндіріс құқығына лицензиялық шарт (келісім) (түпнұсқалық препаратқа патенттің қолданылу мерзімінің аяқталуына қарай)
I A6-1.	Бірегей дәрілік заттың өнертабыс немесе пайдалы модельге қорғау құжатының нотариат куәландырған көшірмесі (қорғау құжатының патент иеленушісі ұсынады);
I A6-2.	Өнертабыс немесе пайдалы моделге үшінші тұлғалардың айрықша құқықтарының бұзылмауы туралы кепілдік хат (генерикалық препаратты мелмекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде сараптама кезінде ұсынылады)
I A7.	Активті заттың сапасын растайтын құжат (өндірушіден субстанцияны талдау туралы сертификат, Еуропалық Фармакопея монографияларына сәйкестік сертификаты, талдау хаттамасы, аналитикалық паспорт)
I A8.	Үш өнеркәсіптік сериясы дайын өнімінің сапасын растайтын құжат (талдау сертификаты, талдау хаттамасы), оның бір сериясы тіркеуге берілген дәрілік заттың үлгісінің сериясымен тұспа тұс келеді
I A9.	Өндірушіден жануар тектес заттарға беретін прион қауіпсіздігі туралы құжат
I A10.	Қазақстан Республикасының тіркеу куәлігінің көшірмесі (тіркеу куәлігінің қолданыс мерзімін ұзарту кезінде)
I.B.1.	Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың жобасы электрондық түрде «doc (док)» форматта
I.B.2.	Қазақ және орыс тілдеріндегі бастапқы және қайталама қаптама, стикерлер, заттаңбалар үшін таңбалау мәтіні
1.B.3	тұтынушы қаптамасының, заттаңбалардың, стикерлердің түрлі-түсті макеттері электронды түрде «jpeg (джипег)» форматта
I.C	Тіркеу куәлігі ұстаушысының фармакологиялық қадағалау жүйесінің қысқаша сипаттамасы: тіркеу куәлігі ұстаушысының өз иелігінде аса ірі фармакалогиялық бақылау жүйесі үшін жауапты тұлғасының бар болуы туралы ақпаратты; аса ірі фармакалогиялық қадағалау жүйесі үшін жауапты тұлғаның байланыс деректерін; Тіркеу куәлігі ұстаушысының фармакалогиялық қадағалау жүйесін дәрілік заттардың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін бақылау бойынша мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін иеленуі туралы қолы қойылған декларацияны; фармакалогиялық қадағалаужүйесінің мастер-файлдары қайда сақталғаны туралы мекенжайына сілтеме,(мекенжайын) қамтиды.
I.D	Қазақстан Республикасының аумағында айқындалған жағымсыз реакцияларды жинақтау мен тіркеу үшін фармакологиялық қадағалауда жауапты білікті тұлғаның бар екенін растайтын құжат
	II бөлім. Химиялық, фармацевтикалық және биологиялық құжаттама
II	Мазмұны
IIA	Құрамы
IIA1	Дәрілік препараттың сандық және сапалық құрамы (белсенді, қосымша заттар, таблетка қабығының немесе капсула корпусының құрамы)

(Жалғасы 15-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-14-беттерде)

IIA2	Қаптаманың сипаттамасы
IIA3	Фармацевтикалық әзірлеме (бастапқы қаптамасын таңдау негіздемесі, құрамы)
II B	Өндіріс туралы мәліметтер:
II B 1	Өндірістік формула
II B 2	Өндіріс технологиясының сипаттамасы
II B 3	Өндіріс процесіндегі бақылау (операциялық бақылау)
II B 4	Өндірістік процестердің бастапқы сараптамасы
II C	Шығыс материалдарын бақылау әдістері
II C 1	Белсенді субстанция
IIC1.1	Белсенді заттарға сапа сертификаты
II C 2	Қосымша заттар
IIC2.1	Қосымша заттарға сапа сертификаты
II C 3	Қаптама материалы (бастапқы және қайталама қаптама)
IIC3.1	Қаптама материалының олардың сапасын регламенттейтін құжаттар қоса берілген сапа сертификаты
II D	Аралық өнімдер сапасын бақылау әдістері (қажет болғанда)
II E	Орыс тіліне түпнұсқалық аудармасы бар дайын өнімнің сапа спецификациясы және бақылау әдістемесі
II E 1	Электрондық түрде дәрілік заттың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау бойынша бекітілген нормативтік құжат, «doc (құжат)» форматта, оған түсіндірме жазба
II E 2	дәрілік препараттың сынақ әдістерінің бастапқы сараптамасы (фармакопеялық әдістерінен басқа) (қайта тіркеу кезінде қосымша ҚР бекітілген сапа жөніндегі нормативтік құжаттың көшірмесі)
II F	Кемінде үш өнеркәсіптік немесе тәжірибелік-өнеркәсіптік (пилоттық) серияларда тұрақтылық сынағы нәтижелері
II G	Еріту бейіні туралы мәліметтер (дозаланған қатты дәрілік түріне арналған)
II H	Жануарлардың бақылау деректері
II K	Генетикалық өзгерген организмдерден тұратын препараттарға арналған қоршаған орта үшін ықтимал қауіпсіздік жөніндегі деректер
II L	Қауіпсіздік жөніндегі мерзімдік жаңартылатын есеп (қайта тіркеу кезінде)
II M.	Сапасын растайтын қосымша ақпарат (қажет болғанда)
	III бөлім. Фармакологиялық және токсикологиялық құжаттама
III.	Мазмұны
III A.	Уыттылығы жөніндегі деректер (жедел және созылмалы), (МИБП – бір реттік енгізу және қайталау дозаларын енгізу кезіндегі уыттылық)
III B.	Репродуктивтік функциясына әсері
III C.	Эмбриоуыттылығы мен тератогенділігі жөніндегі деректер
III D.	Мутагендігі жөніндегі деректер
III E.	Канцерогендігі жөніндегі деректер
III F.	Фармакодинамикасы (медициналық иммундық-биологиялық препарат - реактогендік)
III G.	Фармакокинетикасы (медициналық иммундық-биологиялық препарат – спецификалық белсенділігі)
III H.	Салған жердің тітіркену әсері туралы деректер (медициналық иммундық-биологиялық препарат - вакциналар иммуногендігі үшін)
III Q.	Қауіпсіздікті растайтын қосымша ақпарат (қажет болғанда)
	IV бөлім. Клиникалық құжаттама
IV.	Мазмұны
IV A.	Клиникалық фармакология жөніндегі деректер (фармакодинамика, фармакокинетика), генериктер үшін биоэквиваленттілігі зерттеулері
IV B	Клиникалық, иммунологиялық тиімділігі
IV C	Диагностикалық тиімділігі
IV D	Клиникалық сынақтар нәтижелері, ғылыми жарияланымдар, есептер
IV D1	Тіркеуден кейінгі тәжірибе деректері (бар болса)
IV Q	Тиімділігін растайтын қосымша ақпарат

Ескерту: Өтініштің осы нысаны Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 735 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және олардың тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында уәкілетті орган беретін тіркеу күәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту кезінде және тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістер кезінде ұсынылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5935 болып тіркелген).

Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларына 3-қосымша

Шетелдік өндірушілер сараптамаға ұсынатын құжаттардың тізбесі

р/с №	Құжаттар атауы
	1-бөлік. *
1.1.	Жалпы құжаттама
1.2.1	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымына сәйкес фармацевтикалық өнімге сертификат (нотариат куәландырған).
	Болмаған кезде:
	Өндіруші елде тіркелуі туралы сертификат (тіркеу куәлігі) (нотариат куәландырған)
	GMP сертификаты (соңғы инспекция күні мен нәтижелері көрсетілген) (нотариат куәландырған)
	Еркін сатуға рұқсат беретін сертификат (экспорт) ұсынылады
1.2.2.	Тауардың шығу тегі сертификаты (отандық өндірушілер үшін)
1.2.3.	Өндіріс құқығына лицензиялық шарт (келісім) (бірегей препаратқа патенттің қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін)
1.2.4.	басқа елдерде дәрілік заттың тіркелгені туралы куәлігінің нөмірі мен күні көрсетілген мәліметтер (сертификаттың немесе тіркеу куәлігінің көшірмесі)
1.3.	Дәрілік препараттың қысқаша сипаттамасы, таңбалануы (түрлі-түсті макеттер) және медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулық
1.3.1.	Дәрілік препараттың соңғы қайта қаралған күні қойылған қысқаша сипаттамасы
1.3.2.	өндіруші ұйымдар растаған дәрілік заттардың медицинада қолданылуы бойынша бекітілген нұсқаулық (Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің өндіруші – ұйымдары үшін)
1.3.3.	Дәрілік заттың медицинада қолданылуы жөніндегі нұсқаулықтың жобасы
1.3.4.	Бастапқы және қайтама қаптаманың, заттаңбалардың, стикерлердің қазақ және орыс тілдеріндегі таңбалау мәтіні
1.3.5.	Тұтыну қаптамасының, заттаңбалардың, стикерлердің электронды түрде jpeg (джипег) форматта 1:1 масштабты түрлі-түсті макеттер
1.4.	Сарапшылар туралы ақпарат
1.4.1.	Сапа жөніндегі сарапшы туралы ақпарат
1.4.2.	Клиникаға дейінгі деректерді сарапшы туралы ақпарат
1.4.3.	Клиникалық деректер бойынша сарапшы туралы ақпарат
1.5.	Өтініштердің әртүрлі типтеріне қойылатын арнайы талаптар
1.6.	Қоршаған орта үшін ықтимал қауіпті бағалау
1.6.1	Гендік түрлендірілген организмдері бар немесе содан алынған дәрілік препараттар
1.7.	Өтініш берушінің Қазақстан Республикасында фармакологиялық қадағалауға қатысты ақпараты
1.7.1	Тіркеу куәлігі ұстаушысының фармакологиялық қадағалау жүйесінің қысқаша сипаттамасында төмендегі элементтер болуы тиіс: тіркеу куәлігі ұстаушысының өз иелігінде аса ірі фармакологиялық бақылау жүйесі үшін жауапты тұлғасы барлығы туралы ақпарат; аса ірі фармакологиялық бақылау жүйесі үшін жауапты тұлғаның байланыс деректері; Тіркеу куәлігі ұстаушысының фармакологиялық бақылау жүйесін дәрілік заттардың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін бақылау бойынша мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін иеленуі туралы қолы қойылған декларация; мекенжайына сілтеме (мекенжайы), фармакологиялық бақылау жүйесінің мастер-файлдары қайда сақталады
1.7.2	Өтініш берушінің өз қарамағында Қазақстан Республикасы аумағында фармакологиялық қадағалауға жауапты білікті адамы бар екендігін растайтын құжат
	2 -бөлік*
	Жалпы техникалық құжат түйіндемесі
2.1.	2.3.4.5-бөліктерінің мазмұны
2.2.	Жалпы техникалық құжат кіріспесі
2.3.	Сапа жөніндегі жалпы есеп
2.4.	Клиникаға дейінгі деректерге шолу
2.5.	Клиникалық деректерге шолу
2.6.	Клиникаға дейінгі деректер есебі
2.6.1.	Мәтін форматындағы фармакологиялық деректер есебі
2.6.2.	Кесте түріндегі фармакологиялық деректер есебі
2.6.3.	Мәтін форматындағы фармакокинетикалық деректер есебі
2.6.4.	Кесте түріндегі фармакокинетикалық деректер есебі
2.6.5.	Мәтін форматындағы токсикологиялық деректер есебі
2.6.6.	Кесте түріндегі токсикологиялық деректер есебі
2.7.	Клиникалық деректер есебі
2.7.1.	Биофармацевтикалық зерттеулер және олармен байланысты аналитикалық әдістер есебі
2.7.2.	Клиникалық фармакология жөніндегі зерттеулер есебі
2.7.3.	Клиникалық тиімділік бойынша есеп
2.7.4.	Клиникалық қауіпсіздік туралы
2.7.5.	Пайдаланылған әдеби дереккөздерінің көшірмесі
2.7.6.	Жеке сынақтардың қысқаша шолулары
	3-бөлік. Сапа*
3.1.	Мазмұны
3.2.	Негізгі деректер
3.2.S.	Дәрілік субстанция (құрамында біреуден артық белсенді зат болатын дәрілік препараттар үшін, ақпарат толық көлемде олардың әрқайсысына қатысты беріледі)**
3.2.S.1.	Жалпы ақпарат**
3.2.S.1.1.	Атауы**
3.2.S.1.2.	Құрылымы**
3.2.S.1.3.	Жалпы қасиеттері**
3.2.S.2.	Өндіріс
3.2.S.2.1.	Өндіруші**
3.2.S.2.2.	Өндірістік процесті және бақылау процесін сипаттау
3.2.S.2.3.	Бастапқы материалдарды бақылау
3.2.S.2.4.	Күрделі кезеңдерді және аралық өнімдерді бақылау
3.2.S.2.5.	Процесті бастапқы сараптау және/немесе оны бағалау
3.2.S.2.6.	Өндірістік процесті әзірлеу
3.2.S.3.	Сипаттамасы**
3.2.S.3.1.	Құрылымы мен сипаттамасын дәлелдеу
3.2.S.3.2.	Қоспалар**
3.2.S.4.	Белсенді заттарды бақылау**
3.2.S.4.1.	Спецификация**
3.2.S.4.2.	Талдамалық әдістемелер**
3.2.S.4.3.	Талдамалық әдістемелердің бастапқы сараптамасы
3.2.S.4.4.	Сериялар талдауы**
3.2.S.4.5.	Спецификация негіздемесі
3.2.S.5.	Стандартты үлгілері немесе заттары
3.2.S.6.	Қаптама/тығындау жүйесі**
3.2.S.7.	Тұрақтылық**
3.2.S.7.1.	Тұрақтылыққа қатысты түйіндеме және қорытындылар**
3.2.S.7.2.	Тұрақтылықты тіркеуден кейін зерделеу хаттамасы және тұрақтылыққа қатысты міндеттемелер**
3.2.S.7.3.	Тұрақтылық туралы деректер**
3.2.P.	Дәрілік препарат
3.2.P.1.	Дәрілік препараттың сипаттамасы және құрамы
3.2.P.2.	Фармацевтикалық әзірлеме
3.2.P.2.1.	Дәрілік препараттың құрамды заттары
3.2.P.2.1.1.	Дәрілік субстанция
3.2.P.2.1.2.	Қосымша заттар
3.2.P.2.2.	Дәрілік препарат
3.2.P.2.2.1.	Құрамын әзірлеу
3.2.P.2.2.2.	Қалдықтары
3.2.P.2.2.3.	Физика-химиялық және биологиялық қасиеттер
3.2.P.2.3.	Өндірістік процесті әзірлеу
3.2.P.2.4.	Қаптама/тығындау жүйесі
3.2.P.2.5.	Микробиологиялық сипаттамалар
3.2.P.2.6.	Үйлесімділігі
3.2.P.3.	Өндіріс
3.2.P.3.1.	Өндіруші (лер)
3.2.P.3.2.	Сериясына құрамы
3.2.P.3.3.	Өндірістік процесті және бақылау процесін сипаттау
3.2.P.3.4.	Күрделі кезеңдер мен аралық өнімдерді бақылау
3.2.P.3.5.	Процестердің бастапқы сараптамасы және/немесе оны бағалау
3.2.P.4.	Қосымша заттарды бақылау
3.2.P.4.1.	Спецификациялар
3.2.P.4.2.	Талдамалық әдістемелер
3.2.P.4.3.	Талдамалық әдістемелердің бастапқы сараптамасы
3.2.P.4.4.	Спецификация негіздемесі
3.2.P.4.5.	Адам және жануар тектес қосымша заттар
3.2.P.4.6.	Жаңа қосымша заттар
3.2.P.5.	Дәрілік препаратты бақылау
3.2.P.5.1.	Спецификация (лар)
3.2.P.5.2.	Талдамалық әдістемелер
	Сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі электронды түрде doc форматта бекітілген нормативтік құжат (қайта тіркеу кезінде қосымша Қазақстан Республикасында бекітілген нормативтік құжаттың көшірмесі)
3.2.P.5.3.	Талдамалық әдістемелердің бастапқы сараптамасы
3.2.P.5.4.	Сериялар талдаулары
3.2.P.5.5.	Қоспалар сипаттамасы
3.2.P.5.6.	Ерекшелік (тер) негіздемелері
3.2.P.6.	Стандартты заттар және үлгілер
3.2.P.7.	Қаптама/тығындау жүйесі
3.2.P.8.	Тұрақтылық
3.2.P.8.1.	Тұрақтылық туралы түйіндеме және қорытынды
3.2.P.8.2.	Тұрақтылықты тіркеуден кейін зерделеу хаттамасы және тұрақтылыққа қатысты міндеттемелер
3.2.P.8.3.	Тұрақтылық туралы деректер
3.2.A.	Толықтырулар
3.2.A.1.	Техникалық құралдар мен жабдықтар
3.2.A.2.	Бөгде микроорганизмдерге қатысты қауіпсіздікті бағалау
3.2.A.3.	Жаңа қосымша заттар
3.2.R.	Өңірлік ақпарат
3.3.	Пайдаланылған әдебиет дереккөздерінің көшірмесі
	4-бөлік. Клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер туралы есептер
4.1.	Мазмұны
4.2.	Зерттеу туралы есептер
4.2.1.	Фармакология
4.2.1.1.	Бастапқы фармакодинамика
4.2.1.2.	Қайталама фармакодинамика
4.2.1.3.	Қауіпсіздік фармакологиясы
4.2.1.4.	Фармакодинамикалық дәрілік өзара іс-әрекет
4.2.2.	Фармакокинетика
4.2.2.1.	Талдамалық әдістер және олардың бастапқы сараптамасына қатысты есеп
4.2.2.2.	Сіңуі
4.2.2.3.	Таралуы
4.2.2.4.	Метаболизм
4.2.2.5.	Шығарылуы
4.2.2.6.	Фармакокинетикалық дәрілік өзара әрекет (клиникаға дейінгі)
4.2.2.7.	Басқа да фармакокинетикалық зерттеулер
4.2.3.	Токсикология
4.2.3.1.	Бір реттік доза енгізу кезіндегі уыттылық
4.2.3.2.	Дозаларды қайталап енгізу кезіндегі уыттылық
4.2.3.3.	Геноуыттылық (invitro; invivo, токсикокинетикақ бағалау)
4.2.3.4.	Канцерогендік (ұзақ мерзімді зерттеу; қысқа мерзімді немесе орташа мерзімді зерттеулер)
4.2.3.5.	Репродуктивті және онтогенетикалық уыттылық: тұқымды жаңғырту және эмбриондық ерте дамуға қабілеттілік; ұрық өскінінің дамуы; құрсақ ішінде және босанғаннан кейінгі дамуы; тұқымдарына (өсетін жан-жануар) белгілі бір дозасы берілген және/немесе кейіннен бағаланған зерттеулер.
4.2.3.6.	Жергілікті көтере алушылық
4.2.3.7.	Басқа уыттылық зерттеулері: антигендік; иммуноуыттылық; механикалық зерттеулер; тәуелділік; метаболиттер; қоспалар.
4.3.	Пайдаланылған әдебиет дереккөздерінің көшірмесі
	5-бөлік. Клиникалық зерттеулер және (немесе) сынақтар туралы есептер
5.1.	Мазмұны
5.2.	Кестелер түріндегі барлық клиникалық сынақтар тізбесі
5.3.	Клиникалық сынақтар туралы есептер
5.3.1.	Биофармацевтикалық зерттеулер туралы есептер: биожетімділік жөніндегі зерттеулер есебі; биожетімділік және биоэквиваленттілік жөніндегі салыстырмалы зерттеулер есебі; invitroinvivo зерттеулері корреляциясы жөніндегі есеп; биоаналитикалық және аналитикалық әдістер жөніндегі есеп;
5.3.2.	Адамның биоматериалдарын пайдалану кезіндегі фармакокинетикасы жөніндегі зерттеулер есептері: ақуыздармен байланысу зерттеулерінің есебі; бауыр метаболизмі мен өзара әрекет зерттеулерінің есебі; басқа да адам биоматериалдарын пайдаланатын зерттеулер жөніндегі есеп.
5.3.3.	Адамдағы фармакокинетикалық зерттеулер туралы есептер: дені сау еріктілер фармакокинетикасы зерттеулері және бастапқы көтере алушылық зерттеулерінің есебі; емделушілер фармакокинетикасы зерттеулерінің және бастапқы көтере алушылық зерттеулерінің есебі; фармакокинетикалық зерттеулердің ішкі факторы зерттеулерінің есебі; фармакокинетикалық зерттеулердің сыртқы факторы зерттеулерінің есебі; әртүрлі популяциядағы фармакокинетика зерттеулерінің есебі;
5.3.4.	Адамдағы фармакодинамикалық зерттеулер туралы есептер: дені сау еріктілер фармакодинамикасы және фармакокинетикасы/фармакодинамикасы зерттеулерінің есебі; пациенттерде фармакодинамикасы және фармакокинетикасы/фармакодинамикасы зерттеулерінің есебі;
5.3.5.	Тиімділік пен қауіпсіздікті зерттеу туралы есептер: мәлімделген көрсеткіштер бойынша бақыланатын клиникалық зерттеулер есебі; бақыланбайтын клиникалық зерттеулер есебі; кез келген формалдық интеграцияланған талдаулар, метаталдаулар және айқаспалы талдауларды қоса, бір зерттеудікінен астам деректер талдауының есебі; басқа зерттеулер бойынша есептер.
5.3.6.	Тіркеуден кейінгі қолдану тәжірибесі туралы есептер
5.3.7.	Жеке тіркеу формаларының үлгілері және пациенттердің жеке тізімі
5.4.	Пайдаланылған әдебиет дереккөздерінің көшірмесі

Ескерту:

* Өтініштің осы нысаны Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 735 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және олардың тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында уәкілетті орган беретін тіркеу күәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту кезінде және тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістер кезінде ұсынылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5935 болып тіркелген).

** 3.2.S. бөлімінде берілуі қажет мәліметтердің ең аз көлемі.

Егер құжаттаманың жекелеген бөліктеріне материалдар қосылмай қалған болса, тиісті жерге сәйкес атымен себебін көрсету қажет.

Жануар тектес препараттар үшін 3.2.S бөлімде мынадай қосымша ақпарат берілуі тиіс: шикізат алынған жануардың түріне, жылына, рационына қатысты деректер, дәрілік затты өндіру үшін шикізат алынған тіндер сипаты (санаты) туралы, приондар құрамына қатысты оның қауіптілігі тұрғысынан алынған деректер; экстрагенттер, температура режимі және т.б. көрсетілген шикізат өңдеудің технологиялық сызбасы және т.б.; бастапқы өнімді бақылау әдістері, соңғы өнімде приондарды анықтау әдістерін қоса (қажет болғанда).

3, 4, 5-модульдерінің құжаттарын 3-модульдің мынадай бөлімдерін: Спецификациясы (3.2.P.5.1.), Талдамалық әдістемелер (3.2.P.5.2.), Ерекшелік (тер) негіздемелері (3.2.P.5.6.) орыс тіліне міндетті аудармасымен ағылшын тілінде рұқсат етіледі. Қауіптерді басқару жоспарын түйіндемені міндетті түрде орыс тіліне аудармасымен ағылшын тілінде рұқсат етіледі.

Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Дәрілік заттың (тіркеу дерекнамасының валидациясы) бастапқы сараптама есебі

1. Мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу үшін сараптамаға ұсынылған тіркеу құжатының бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) жүргізілді				
1)	Сарапшының тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса)			
2)	Сарапшының лауазымы			
2. Дәрілік зат туралы ақпарат				
1)	Өтінімнің нөмірі және күні			
2)	Препараттың сауда атауы			
3)	Халықаралық патенттелмеген атауы (бұдан әрі – ХПА)			
4)	Дәрілік түрі			
5)	Дозалануы			
6)	Концентрациясы			
7)	Енгізу тәсілі			
3. Қаптамасы				
№	Қаптаманың атауы	Қаптама түрі (бастапқы, қайталама)	Көлемі	Қаптамадағы бірлік саны
1)				
2)				
4. Өндіруші туралы деректер				
№	Ұйымның типі немесе учаске	Ұйымның атауы	Елі	Заңды мекенжайы
1)	Өтініш беруші			
2)	Өндіруші			
3)	Қаптамашы			
4)	Тіркеу құжатын ұстаушы			
5. Босату тәртібі				
1)	Босату шарты (қажеттісін көрсету керек)		□ рецепт бойынша □ рецетісіз	
6. Қазақстан Республикасында көрсетілген сауда атауымен бұрын басқа активті заттар құрамымен басқа дәрілік препарат тіркелген				
1)	□ жоқ	□ иә		
7. Тіркеу құжатының толықтығын, жинақталуын және ұсынылған құжаттардың ресімделу дұрыстығын бағалау				
1)	Құжат бөлімдер бойынша қалыптастырылған, беттері нөмірленген, құжаттардың тізімдемесі жасалған		□ жоқ □ иә	
2)	Құжаттың жиынтығы бекітілген тізбеге сәйкес келеді		□ жоқ □ иә	
3)	Түрлі түсті қаптама макеттерінің болуы және оларды өтініш берушінің мөрімен растау фактісі, дәрілік препараттың қаптамасының Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы таңбалау қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1108 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 227 бұйрық)		□ жоқ □ иә	
4)	Қаптама, затбелгі, стикерлердің макеттерінің үлгілерін таңбалау мәтіні № 227 бұйрыққа сәйкес келеді		□ жоқ □ иә	
8. Дәрілік препараттың құрамын бағалау				
1)	Дәрілік препараттың құрамында тыйым салынған бояуыштардың және басқа да қосымша заттардың болуы		□ жоқ □ иә	
2)	Дәрілік препараттың құрамында қаннан, адамның және жануардың ағзасынан және тіндерінен алынған заттардың болуы		□ жоқ □ иә	
3)	Құрамында есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың болуы (бар болса, Кестені, позициясын көрсету)		□ жоқ □ иә	
9. Дәрілік препараттың атауын онда мынадай белгілердің мәнінің болмауына бағалау:				
1)	бұрын тіркелген дәрілік препараттармен және әдепсіз айтылатын сөздердің графикалық ұқсастықтары		□ жоқ □ иә	
2)	препараттың нағыз құрамы мен әсеріне қатысты шатастыруға апаратын қабілеттері		□ жоқ □ иә	
3)	химиялық құрамы немесе әсері басқаша дәрілік затқа тән ХПА ұқсастықтары және/немесе олармен ұқсас атаулар			
10. Дәрілік препараттың фармакологиялық әсері туралы мәліметтерді бағалау				
1)	Дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың құрылымына және ресімделуі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 414 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты жасау және ресімдеу қағидаларына сәйкес келуі (Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде № 11495 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 414 бұйрық)			
11. Қорытынды:				
1)	одан арғы сараптамадан бас тарту (негіздемесімен)			
2)	сараптаманы жалғастыру			

Құрылымдық бөлімшенің басшысы

_____ _____

қолы тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса)

Сарапшы:

_____ _____

қолы тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса)

Күні _____

Мөр орны

Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларына 5-қосымша

Нысан

Дәрілік заттың тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістердің (тіркеу дерекнамасының валидациясы) бастапқы сараптамасының есебі

1. Дәрілік заттың тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістердің (тіркеу дерекнамасының валидациясы) бастапқы сараптамасы жүргізілді				
	Сарапшының тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса)			
	Сарапшы лауазымы			
2. Мәлімделген өзгерістер мыналар болып табылады:				
	I типті: I А типті, IБ типті,	Енгізілетін өзгерістерді көрсету		
	II типті	Енгізілетін өзгерістерді көрсету		
3. Дәрілік зат туралы ақпарат				
1)	Өтінімнің нөмірі және күні			
2)	Препараттың саудалық атауы			
3)	Халықаралық патенттелмеген атауы			
4)	Дәрілік түрі			
5)	Дозалануы			
6)	Концентрациясы			
7)	Енгізу тәсілі			
8)	Өндіруші ұйым			
9)	Тіркеу куәлігінің №			
4. Қаптамасы				
№	Қаптама атауы	Қаптама түрі (бастапқы, Қайталама)	Көлемі	Қаптамадағы бірліктер саны
1)				
2)				
5. Өндіруші туралы деректер				
№	Ұйымның типі немесе өндіріс учаскесі	Ұйымның атауы	Елі	Заңды мекенжайы
1)	Өтініш беруші			
2)	Өндіруші			
3)	Қаптаушы			
6. Енгізілетін өзгерістердің тізбесі				
1)	Құжаттың атауы	Бұрынғы редакциясы	Жаңа редакциясы	
7. Ұсынылған құжаттардың толықтығын, тіркеу деректері жиынтықталымын және дұрыс ресімделуін бағалау				
1)	Тіркеу деректері бөлімдерге бөлінген, беттері нөмірленген, құжаттар тізбесі құрастырылған	□ жоқ □ иә		
2)	Құжаттар жиынтығы бекітілген тізбеге сәйкес келеді	□ жоқ □ иә		
8. Қорытынды:				
1)	одан арғы сараптамадан бас тарту (негіздемесімен)			
2)	сараптаманы жалғастыру			

Құрылымдық бөлімшенің басшысы

_____ _____

қолы тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса)

Сарапшы:

_____ _____

қолы тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса)

Күні _____

Мөр орны

Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларына 6-қосымша

Дәрілік заттардың оңтайлы емес комбинацияларының тізбесі

№	Дәрілік заттардың атауы, олардың комбинациялары
1.	Витаминдердің қабынуға қарсы препараттармен және транквилизаторлармен бекітілген комбинациялары
2.	Атропин/атропин тәрізді дәрілік заттардың анальгетиктермен және антипиретиктермен бекітілген комбинациялары
3.	Йохимбиннің тестостеронмен және витаминдермен бекітілген комбинациялары
4.	Темірдің йохимбинмен бекітілген комбинациялары
5.	Антигистаминді дәрілік заттардың диареяға қарсы дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
6.	Пенициллиннің сульфонамидтермен бекітілген комбинациялары
7.	Витаминдердің анальгетиктермен бекітілген комбинациялары
8.	Хинолондардың кез келген дәрілк заттармен бекітілген комбинациялары, сыртқа қолдануға арналған препараттарды қоспағанда
9.	Кортикостероидтардың ішке қабылдауға арналған дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
10.	Хлорамфениколдың ішке қабылдауға арналған дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
11.	Витаминдердің туберкулезге қарсы препараттармен бекітілген комбинациялары, изониазидтің пиридоксин гидрохлоридімен (В6 витамині) комбинациясын қоспағанда
12.	Стероидты анаболиктердің басқа дәрілік заттармен комбинациялары
13.	Седативті/ұйқы тудыратын/анксиолитикалық дәрілік заттардың анальгетиктермен-антипиретиктермен/стероидты емес қабынуға қарсы дәрілермен бекітілген комбинациялары
14.	Протонды помпаның Н2-гистаминорецептор/тежегіш антагонистерінің антацидтермен бекітілген комбинациялары
15.	Бірден артық антигистаминді дәрілік затты қамтитын бекітілген комбинациялар
16.	Антигельминтті дәрілік заттардың іш жүргізушілермен бекітілген комбинациялары
17.	Бронх кеңейткіш әсері бар дәрілердің орталық әсерлі жөтелге қарсы дәрілік заттармен және/немесе антигистаминді дәрілермен бекітілген комбинациялары
18.	Муколитиктердің/қақырық түсіретін дәрілердің жөтелге қарсы дәрілік заттармен және/немесе антигистаминді дәрілермен бекітілген комбинациялары
19.	Іш жүргізгіштердің және/немесе спазмолитикалық дәрілік заттардың ферментті препараттармен бекітілген комбинациялары
20.	Құсуға қарсы дәрілік заттардың, допаминді рецепторлардың тежегіштерінің жүйелі абсорбциясы бар дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
21.	Орталық әсерлі жөтелге қарсы дәрілік заттардың антигистаминді дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
22.	АІЖ-нан жүйелі қан ағысына сіңірілетін кез келген дәрілік заттармен пектин және/немесе қамтитын дәрілермен бекітілген комбинациялар, пектиннің және/немесе каолиннің жүйелі абсорбциясыз дәрілік заттармен комбинацияларын қоспағанда

(Жалғасы 16-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-15-беттерде)

23.	Диареяға қарсы дәрілік заттардың электролиттермен бекітілген комбинациялары
24.	Оксифенбутазонның немесе фенилбутазонның кез келген басқа дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
25.	Анальгиннің кез келген басқа дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
26.	Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілердің/ парацетамолдың/анальгиннің атропин тәрізді дәрілік заттармен/спазмолитиктермен бекітілген комбинациялары
27.	Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілердің/ парацетамолдың/анальгиннің опиодты анальгетиктермен/ опиодты-опиодты емес анальгетиктермен бекітілген комбинациялары
28.	Бір немесе одан да көп стероидты емес қабынуға қарсы дәрілердің бекітілген комбинациялары
29.	Парацетамолдың барбитураттармен, транквилизаторлармен және басқа дәрілік заттармен, бауыр цитохромалық жүйесінің фермент индукторларымен бекітілген комбинациялары.
30.	Парацетамолдың стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
31.	Пенициллиннің парентеральді дәрілік түрлердегі стрептомицинмен бекітілген комбинациялары
32.	Құрамында амилаз, протеаза және липаза бар панкреатиннің немесе пакреалипазаның кез келген басқа ферменттермен, о.і. бұқа өтімен, гемицеллюлозамен бекітілген комбинациялары
33.	Нитрофурантоин мен триметопримнің бекітілген комбинациялары
34.	Барбитураттардың басқа дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
35.	ОЖЖ бәсеңдететін дәрілік заттардың ОЖЖ стимуляторларымен бекітілген комбинациялары
36.	Барбитураттардың гиосциаминмен және/немесе гиосцинмен, белладоннамен және басқа атропин тәрізді дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
37.	Барбитураттардың эрготаминмен бекітілген комбинациялары
38.	Галоперидолдың кез келген антихолинергиялық дәрілік заттармен бекітілген комбинациялары
39.	Антибактериялық және антипротозойлық дәрілік заттардың бекітілген комбинациялары
40.	Лоперамид гидрохлоридінің фуразолидонмен бекітілген комбинациялары
41.	Антибактериалды дәрілік заттар мен пробиотиктердің, пребиотиктердің бекітілген комбинациялары
42.	Ципрогептадиннің лизинмен немесе пептонмен бекітілген комбинациялары
43.	Нестероидты қабынуға қарсы заттардың/ ацетилсалицил қышқылының және антацидттердің/Н2-блокатордың/протон помпасының ингибиторларының бекітілген комбинациялары

Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Дәрілік препаратты бағалау бойынша сарапшылардың жиынтық есебі

1. Дәрілік зат тіркеу деренамасына сараптама жүргізілді

1.	Сарапшының тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса) және сарапшылардың лауазымы	
2.	Ғылыми дәрежесі, атағы	
3.	Өтінімнің №	
4.	Күні	
5.	Препараттың саудалық атауы	
6.	Халықаралық патенттелмеген атауы (бұдан әрі – ХПА)	
7.	Дәрілік препарат мыналар болып табылады	□бірегей □қайта өндірілген □биоұқсас (биосимиляр) □ гибридті □биологиялық □ құрамдас □ жақсы зерделенген медициналық қолдануымен дәрілік препарат □Радиофармацевтикалық дәрілік препарат немесе прекурсор □гомеопатиялық дәрілік препарат □өсімдік дәрілік препарат □ орфандық дәрілік препарат □GMP жағдайында емес өндірілген белсенді фармацевтикалық субстанция □Дәрілік балк-өнім □Биологиялық балк- өнім □Дәрілік табиғи шикізат (фармакопеялық емес)
Базалық модульдер					
БҚ 1. Кәсіптік қызмет аясында кәсіптік лексиканы қолдану	БМ 01. Кәсіптік қызмет аясында кәсіптік лексиканы қолдану	Бұл модуль кәсіби қызметте қазақ (орыс) және шетел тілінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасауға қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды. Модульді зерделеу нәтижесінде білім алушылар іскерлік қазақ (орыс) және шетел тілінің және кәсіби лексиканың негіздерін меңгереді . Модульді зерделеу кезінде білім алушылар кәсіптік бағыттағы мәтіндерді оқу және аудару үшін (сөздікпен) қажетті қазақ (орыс) және шетел тілінің лексикалық және грамматикалық минимумын үйренеді.	Оқыту нәтижесі: 1) Өзінің кәсіптік қызметі саласында тілдесу үшін қазақ (орыс) және шетел тіліндегі грамматика мен терминологияны меңгеру.		Кәсіптік қазақ (орыс) тілі Кәсіптік шетел тілі
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Кәсіптік қатынасу үшін қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материалды меңгереді. 2. Мамандығы бойынша терминологияны қолданады.	
			Оқыту нәтижесі: 2) Кәсіби бағыттағы мәтіндерді аудару (сөздікпен) техникасын меңгеру.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Кәсіби бағыттағы мәтіндерді оқиды және аударады (сөздікпен);	
			Оқыту нәтижесі: 3) Қазақ (орыс) және шетел тіліндегі кәсіби диалогтік сөйлеу тілін енгізу.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Жағдайға байланысты қисынды және ретті пікір айта алады. 2. Кәсіби қарым-қатынас үдерісінде диалог жүргізе біледі.	
БҚ 2. Іс қағаздарын мемлекеттік тілде құрастыру және ресімдеу	БМ 02. Мемлекеттік тілде іс қағаздарын құрастыру	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын құрастыруға және рәсімдеуге қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды. Модульді зерделеу нәтижесінде білім алушылар: мемлекеттік тілде іс жүргізу негіздерін; іскерлік құжаттарды жасау тәсілдері мен функцияларын; құжаттардың жіктелуін, тасымалдағыштар, мақсатын, құрамдас бөліктерін, рәсімдеу ережелерін меңгереді. Модульді зерделеу кезінде білім алушылар: компьютерлік технологияларды қолдана отырып, кәсіптік қызметте қажетті қызметтік құжаттарды мемлекеттік тілде құрастыруды үйренеді.	Оқыту нәтижесі: 1) Компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ұйымдық-өкімдік және ақпараттық-анықтамалық құжаттармен жұмыс істеу.		Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Құжаттардың түрлері мен жіктелуін сипаттайды. 2. Құжаттардың ақпараттық және коммуникативтік функциясын түсінеді. 3. Құжаттардың құрылымын анықтайды. 4. Қызметтік құжаттардың негізгі деректемелерін қолданады. 5. Құжаттың мәтініне қойылатын талаптарды сақтайды. 6. Компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ұйымдық-өкімдік және ақпараттық-анықтамалық құжаттармен жұмыс жасайды.	
			Оқыту нәтижесі: 2) Еңбек қатынастарын реттейтін құжаттарды мемлекеттік тілде жасау.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қатынастарын және «Техникалық реттеу туралы» және «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» ҚР Заңдарына сәйкес техникалық реттеу саласындағы қатынастарды реттейтін құжаттар туралы ұғымын меңгерген.	

(Жалғасы 20-бетте)

(Жалғасы. Басы 18-19-беттерде)

				2. Еңбек шартының қажетті талаптары туралы ақпаратты меңгереді. 3. Түйіндемені, өмірбаянды, мінездемені, өтінішті, арызды, сенімхатты, қолхатты мемлекеттік тілде құрастырады.	
БҚ 3. Физикалық қасиеттерді дамыту және жетілдіру	БМ 03. Физикалық қасиеттерді дамыту және жетілдіру	Бұл модуль жеке қасиеттерді және олармен байланысты қабілеттерді жетілдіру үшін қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды. Модульді зерделеу нәтижесінде білім алушылар: дене тәрбиесінің әлеуметтік-биологиялық және психофизиологиялық негіздерін, жеке және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздерін, салауатты өмір салтының негіздерін меңгереді. Модульді зерделеу кезінде білім алушылар: қозғалыс қабілеттері мен дағдыларын ұдайы жетілдіру жағдайында денсаулықты нығайтуы; кәсіби тұрғыда маңызды физикалық және психомоторлық қабілеттерді дамытуы; өзін-өзі бақылау және ағзаның функционалдық жай-күйін бағалау дағдыларын меңгереді.	Оқыту нәтижесі: 1) Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.		Дене тәрбиесі
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Салауатты өмір салты негіздері мен мәдениетін ұғынады. 2. Бұлшық етке жүктеме түскен кездегі тыныс алу, қан айналым және энергиямен қамтамасыз ету жүйелері қызметінің физиологиялық негіздерін сипаттайды. 3. Жалпы дене дайындығы бойынша жаттығулар кешенін орындайды. 4. Күнделікті өмірде салауатты өмір салты мәдениетін сақтайды.	
			Оқыту нәтижесі: 2) Физикалық қасиеттерді және психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Командалық спорттық ойын қағидаларын сақтайды. 2. Денет тәрбиесі жүктемесінің негіздерін және оны реттеу тәсілдерін сипаттайды. 3. Жаттығуларды орындау техникасын меңгереді. 4. Үйренген ойын тәсілдері мен жеке тактикалық міндеттерді оқу ойынында қолданады. 5. Бағдарламада көзделген бақылау нормативтері мен тестілерін орындайды.	
			Оқыту нәтижесі: 3) Жарақаттану және жазатайым оқиғалар кезінде дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысу кезінде жарақаттардың туындау себептерін, жарақаттанудың алдын алу тәсілдерін түсінеді. 2. Жарақаттар кезінде дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді.	
БҚ 4. Құқықтық негіздерді түсіну, өзін және өзінің қоғамдағы орнын сезіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды төзімділікпен қабылдау	БМ 04. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	Бұл модуль әлемнің философиялық бейнесін зерттеу, мәдениеттің болмысы мен арналуын түсіну; азаматтық құқықтар мен міндеттерді сақтау; қоғамның даму заңдылықтары мен перспективаларын, қазіргі замандағы әлемнің әлеуметтік-саяси үдерістердің даму үрдістерін түсіну негізінде ойлау мәдениетін қалыптастыруға қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды. Модульді зерделеу нәтижесінде білім алушылар: негізгі философиялық ұғымдарды және заңдылықтарды; мәдениеттерді, діндерді және өркениетті; мемлекеттік құқықтық қарым-қатынастар мен құбылыстардың жүйесін; азаматтар мен қоғамдағы саясаттың басқа да субъектілерінің өзара қарым-қатынастары жүйесінің жұмысын меңгереді. Модульді зерделеу кезінде білім алушылар: негізгі философиялық ұғымдарға сүйенуге; философияның негізгі мәселесі мен диалектика заңдарын түсінуге; әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын талдауы; жалпы адамгершілік-адами құндылықтар мен гуманистік дүниетаным негізінде толеранттылық таныта білуге; адам баласын жек көрушілік, экстремистік, радикалдық және террористік идеологияларды мойындамауға; құқық нормаларын сақтауы; әлеуметтік өзара қарым-қатынастар барысында қалыптасатын әлеуметтік және саяси қатынастар жүйесінде бейімделуге дағдалынады.	Оқыту нәтижесі: 1) Жалпы философиялық мәселелерді жақсы білу.		Философия негіздері Мәдениеттану Құқық негіздері Әлеуметтану және саясаттану негіздері
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Негізгі философиялық ұғымдарды меңгереді. 2. Философия тарихындағы таным үдерісінің мәнін және таным үдерісіне әр түрлі пікірлерді түсінеді. 3. «Диалектика», «диалектика заңдары», «болмыс», «материя», «қозғалыс», «кеңістік және уақыт» ұғымдарының мәндерін сипаттайды. 4. Философияның негізгі категорияларының мәні мен өзара байланысын анықтайды. 5. Әлемнің ғылыми, философиялық және діни көріністерінің ерекшеліктерін түсінеді.	
			Оқыту нәтижесі: 2) Адам өмірінде еркіндік пен жауапкершілік, материалдық және рухани құндылықтар сияқты философиялық санаттардың арақатынасын анықтау.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Тұлғаның өмірдің, мәдениеттің және қоршаған табиғи ортаның сақталуына жауапкершілік деңгейін сезінеді. 2. Ғылымның, техника мен технологиялардың дамуымен және пайдаланылуымен байланысты әлеуметтік және этикалық проблемалардың мәнін түсінеді. 3. Адам өміріндегі материалдық және рухани құндылықтардың қатынасы туралы жеке пікірін тұжырымдайды. 4. Өмір шындығы мен мәні туралы әр түрлі пікірлерді талдайды, осы түсініктерге қатысты өз пікірін қалыптастырады.	
			Оқыту нәтижесі: 3) Қазақстан Республикасы халқы мәдениетінің әлемдік өркениеттегі рөлі мен орнын түсіну.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Отандық мәдениеттің тарихын, дәстүрлі қазақ мәдениетінің құндылықтарын біледі. 2. Қазақстан Республикасы халқы мәдениетінің әлемдік өркениеттегі рөлі мен орнын түсінеді. 3. Тәуелсіз Қазақстанның мәдени жетістіктерін сипаттайды.	
			Оқыту нәтижесі: 4) Толеранттылықты және белсенді тұлғалық көзқарасты қалыптастыратын моралдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттердің нысандарын және түрлерін, тарихын сипаттайды. 2. Әлемдік және дәстүрлі діндердің тарихын біледі және қазіргі жағдайын түсінеді. 3. Экстремисттік, радикалдық және террористтік идеологияны ажырата алады. 4. Әлеуметтік, этникалық, конфессиялық және мәдени ерекшеліктерді толеранттылықпен қабылдайды.	
			Оқыту нәтижесі: 5) Құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі ұғымдарды білу.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Құқықтың мәнісін және негізгі белгілерін түсінеді. 2. Заңдылық және құқықтық тәртіп ұғымын біледі және қағидаттарын сақтайды.	
			Оқыту нәтижесі: 6) Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгереді.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. 1. Қазақстан Республикасы Конституцияның ережелеріне сәйкес жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін, «Техникалық реттеу туралы» ҚР Заңына сәйкес тұтынушы мен дайындаушы құқықтарын түсінеді. 2. Әкімшілік реттеу әдістерін сипаттайды. 3. Әкімшілік және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің қажеттілігін түсінеді. 4. Азаматтық және отбасылық құқықтың негізгі ережелерін меңгереді. 5. Салық түрлері туралы ақпаратты меңгереді. 6. Қылмыстық жауапкершілікті және оның туындау негіздемесін түсінеді.	
			Оқыту нәтижесі: 7) Еңбек заңнамасына сәйкес өзінің құқықтарын қорғау.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Қызметкердің Еңбек кодексіне сәйкес құқықтары мен міндеттерін түсінеді. 2. Жұмысшы мен жұмыс берушінің материалдық және тәртіптік жауапкершілігін ажыратады;	
			Оқыту нәтижесі: 8) Әлеуметтанудың және саясаттанудың негізгі ұғымдарын меңгеру		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Негізгі политологиялық ұғымдарды меңгереді: билік, саяси жүйе, саяси режим, мемлекет, мемлекеттік басқару формалары, мемлекеттік құрылыс формалары, саяси партиялар, партиялық жүйелер, саяси элита, саяси көшбасшылық, геосаясат. 2. Әлеуметтанудың негізгі ұғымдарын меңгереді: әлеуметтік қарым-қатынас, әлеуметтік құбылыс, әлеуметтік үдеріс, әлеуметтік ілгерілеу. 3. Жалпы әлеуметтік және саяси үдерістерді жеке фактілермен арақатынасын біледі.	
			Оқыту нәтижесі: 9) Халықаралық саяси үдерістерді, геосаяси ахуалды түсіну.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Қазіргі әлемдегі Қазақстанның орны мен рөлін түсінеді. 2. Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің құрылымын сипаттайды. 3. Саяси мәдениеттің жұмыс істеу мәні мен заңдылықтарын түсінеді.	
БҚ 5. Заманауи экономикалық жүйенің заңдылықтарын және қызмет ету тетіктерін түсіну	БМ 05. Кәсіптік қызметте экономиканың базалық білімдерін қолдану	Бұл модуль қазіргі экономикалық жүйенің заңдылықтары мен тетіктері туралы, нарық тетіктері мен мемлекеттік ретту әдістері туралы кешенді түсінік қалыптастыру үшін қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды. Модульді игеру нәтижесінде білім алушылар: экономикалық теория негіздерін; экономикалық жүйелердің жалпы негіздерін; макроэкономика негіздерін; экономиканың өзекті мәселелерін; «Жасыл экономиканың» негізгі міндеттерін меңгереді. Модульді зерделеу кезінде білім алушылар: негізгі экономикалық мәселелерді, экономика теориясы мен бизнес негіздерінің тұжырымдық ережелерін түсінуді; елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарын анықтауды үйренеді.	Оқыту нәтижесі: 1) Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.		Экономика негіздері
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Экономикалық терминдерді меңгереді, нарықтық экономика заңдылықтары мен қағидаттарын түсінеді. 2. Өндіріс және тұтыну экономикасының негіздерін меңгереді. 3. Мемлекеттің салықтың саясатын сипаттайды. 4. Инфляция көздерін және оның салдарларын түсінеді.	
			Оқыту нәтижесі: 2) Кәсіпорынның меншік формасы мен түрін, жоспары түрін, негізгі экономикалық көрсеткіштерін анықтау.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Жоспарлаудың негізгі кезеңдері мен мазмұнын сипаттайды. 2. Математикалық әдістерді қолдана отырып, қажетті экономикалық есептеулерді орындайды. 3. Кәсіпорынның негізгі экономикалық көрсеткіштерін анықтайды.	
			Оқыту нәтижесі: 3) Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға өтуінің негізгі міндеттерін түсіну.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін сипаттайды. 2. Мемлекеттің «жасыл» экономикаға өтуінің негізгі міндеттерін түсінеді. 3. Жалпы ішкі өнім мен жалпы ұлттық өнімді есептеудің негізгі әдістерін қолданады.	
			Оқыту нәтижесі: 4) Кәсіпкерлік қызметтің табысқа ие болу және тәуекелге бару мүмкіндіктерін анықтау.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Кәсіпкерліктің мақсаттарын, даму факторлары мен шарттарын сипаттайды. 2. Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметтің заманауи ұйымдастырушылық-құқықтық формаларын сипаттайды. 3. Кәсіпкерлік қызметтің жетістігін анықтайтын факторларды түсінеді. 4. Бизнес жоспарды құру негіздерін меңгереді.	
БҚ 6. Қазақстанның тарихын, әлемдік қоғамдастықтағы рөлі мен орнын түсіну	БМ 06. Қазақстанның тарихын, әлемдік қауымдастықтағы рөлі мен орнын түсіну	Бұл модуль ұлттық сананы дамытуға, ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейін орын алған тарихи оқиғалардың мәні мен заңдылықтарын түсінуге қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды. Модульді зерделеу нәтижесінде білім алушылар: Қазақстанның негізгі тарихи кезеңдерінің хронологиялық шекаралары мен маңызын меңгереді.	Оқыту нәтижесі: 1) Негізгі тарихи оқиғаларды түсіну.		Қазақстан тарихы
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі тарихи оқиғалар хронологиясын біледі және мәнін түсінеді. 2. Қазақ халқының жалпытүрік қоғамдағы, көшпелі өркениет жүйесіндегі, Еуразия әлемі халықтарының тарихи-мәдени қауымдастығының дамуындағы рөлі мен орнын аша біледі. 3. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстан Республикасында болып жатқан саяси және қоғамдық өзгерістердің мәні мен бағытын түсінеді. 4. Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін сипаттайды.	
			Оқыту нәтижесі: 2) Тарихи оқиғалардың себеп-салдар байланысын анықтау.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Қазақстан тарихының толыққандылығы мен жүйелілігін көрсететін және сипаттайтын фактілерді, үдерістер мен құбылыстарды анықтайды. 2. Тарихи оқиғалардың арасында байланыс орнатады.	

Кәсіптік модульдер

«151704 2- Құтқарушы» біліктілігі

КҚ1. Әртүрлі деформациялану кезінде мықтылыққа, қаттылыққа және берікітігіне есептер жүргізу, қасиеттерін талдау негізінде машиналардың материалдарын, бөлшектерін және тораптарын таңдау	КМ01. Әртүрлі деформациялану кезінде мықтылыққа, қаттылыққа және берікітігіне есептер жүргізу	Осы модуль механикалық қондырғыларды, олардың қозғалысын және қазіргі заманғы техникада қолданылуын түсіну үшін қажетті білім мен дағдыны сипаттайды. Модульді зерделеу кезінде білім алушылар мыналарды игереді: негізгі түсініктер мен статистика аксиомаларын; жазықтықтағы қиылысу күштер жүйесін; қос күштер; тепе-теңдік тұрақтылығын; кеңістіктегі күштер жүйесін; ауырлық орталығы; нүкте кинематикасы; қатты заттардың қозғалысының қарапайым түрлерін; нүкте динамикасының элементтері, жұмыс және қуаттылығын. Білім алушылардың мынадай машқытарды игеруі маңызды: құрылыстардың статикасын жасау; статикалық анықталатын жазық жүйелердің қозғалысын анықтау; Күш тәсілімен анықталмайтын статикалық жүйелердің, кесілмеген арқалықтардың, тіреу қабырғаларының негізгі есептерін жасау. Әртүрлі деформациялану кезінде мықтылыққа, қаттылыққа және берікітігіне есептер жүргізу.	Оқытудың нәтижесі: 1)Есептер жүргізу және машиналар мен механизмдердің бөлшектерін таңдау.		Техникалық механика негіздері
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1.Техникалық механиканың негізгі анықтамаларын, ережелерін, ұғымдары мен аксиомаларын біледі. 2. Нақты, шекті қауіпті және шекті рұқсат етілген кернеу туралы түсінігі бар. 3. Бөлшектерді байланыстыру түрлерін оқиды. 4. Айнала қозғалу берілістерінің түрлерін көрсетеді.	
			Оқытудың нәтижесі: 2) Әртүрлі деформациялану кезінде мықтылыққа, қаттылыққа және берікітігіне есептер жүргізу.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Кернеу және деформация туралы түсінігі бар. 2. Деформацияның негізгі түрлерін түсінеді. 3.Серпінділік пен кернеудің сыртқы және ішкі күштерін айыра алады. 4. Мықтылыққа, қаттылыққа және берікітікке есептер жүргізеді.	
			Оқытудың нәтижесі: 3) Есептер жүргізу және машиналар мен механизмдердің бөлшектерін таңдау.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1.Механизмдер мен машиналар бөлшектерінің негізгі ұғымдарын және анықтамаларын біледі. 2.Машиналар мен механизмдерді, бөлшектерді байланыстыру түрлерін сыныптайды. 3.Ілгері және айнала қозғалу кезінде жұмысты және қуатты айқындау бойынша есептерді орындайды. 4.Пайдалы әрекет коэффициентін анықтау бойынша есептерді орындайды.	
КҚ2. Электротехникалық және электр құрылғылары мен аспаптарының негізгі сипаттамаларын, олардың электр жабдықтарын және технологиялық машиналар мен аппараттрады пайдалану үшін жұмыс істеу қағидаттарын қолдану	КМ02. Электр жабдықтарын және технологиялық машиналар мен аппараттрады, электртехникалық және электр құрылғыларын пайдалану	Осы модуль «Электртехника және электроника» оқу пәнін зерделеу үшін қажетті білім мен дағдыны сипаттайды. Модульді зерделеу кезінде білім алушылар мыналарды игереді: Тиісті мамандық бойынша білікті кадрларды даярлаудағы электртехниканың рөлі мен маңызын, электр энергиясын өндіру және пайдаланудың барынша ортақ процестерін түсіну; Электр, магниттік құбылыстар мен процестердің физикалық мәнін, электр машиналары мен аппараттарының, электр аспаптары мен құрылғыларының жұмыс істеу қағидасын, тиісті өндірістік қызметте электр энергиясын қолданудың ерекшелігін түсіну; Электр өлшеу аспаптарын электр тізбегіне қосу және көрсеткіштерін алу, әртүрлі күрделіліктегі электр тізбектерінің есебін жүргізу. Оқу пәнін зерделеу процесінде білім алушылардың электртехникасы саласындағы білімі мен дағдыларын кәсіби міндеттерді шешу үшін қолданудағы мотивациясы мен қызығушылығын дамытуға жағдай жасайды.	Оқытудың нәтижесі: 1)Электр және магниттік өрістердің параметрлерін айыра алу.		Электртехника және электроника
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1.Электр өрісінің, тұрақты және ауыспалы токтың электр тізбегінің негізгі қасиеттерін, электртехникасы заңдарын біледі. 2.Магниттік өрістің пайда болу жағдайларын түсінеді. 3.Тізбектерді есептеуге арналған формулаларды қолданады, электр тізбектерін графикалық түрде жасайды және сызады. 5.Электр сызбаларын жинау дағдыларын біледі. 6. Электр өлшеу аспаптарында белгіленген нақтылықпен электр өлшемдерін орындайды.	
			Оқытудың нәтижесі: 2) Тұрақты және ауыспалы ток электр машиналарының құрылысын және жұмыс істеу қағидаттарын түсіну.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Асинхронды қозғалтқыштың, синхронды машинаның құрылысы және жұмыс істеу қағидаты, тұрақты ток электр машинасының жұмыс істеуі туралы білімін көрсетеді. 3. Асинхронды қозғалтқыштың параметрлерін және оның сипаттамасын есептеуге арналған формулаларды қолданады. 4. Тұрақты ток электр машинасының негізгі параметрлерін есептейді. 5. Қозғалтқышты желіге қосу, асихронды қозғалтқышты қосу және реттеу сызбасын жасау дағдылары бар. 6. Тұрақты ток генераторын және қозғалтқышын қосу, электр машиналарының параметрлерін эксперименталды өлшеу дағдылары бар.	
			Оқытудың нәтижесі: 3) Электр энергиясын тарату және бөлу тәсілдерін қолдану.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Трансформаторлық шағын станциялардың, өткізгіш материалдардың арналымы туралы білімін көрсетеді.	
				2. Электрмен жабдықтаудың электр сызбалары элементтерінің шартты белгілерін қолданады. 3.Кәсіпорындарды электрмен жабдықтаудың қарапайым типтік сызбаларын оқиды. 4.Қорғалған жерге қосуды есептеу дағдылары бар және орау, монтаждау, орнату сымдарын және күштік кабельдерді айыра алады.	
			Оқытудың нәтижесі: 4) Жұмыс істеу қағидатын ескере отырып, аспаптарды қолдану .		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1.Осы аспаптардың арналымын және жұмыс істеу қағидатын түсінеді. 2.Аспаптардың типтерін, маркасын айыра алады, негізгі параметрлерін таңдау дағдылары бар. 3. Электр өлшеу аспаптарын сыныптайды, аспаптың шкаласы бойынша шифрын ашуды жүргізеді. 4. Аспаптардың типін таңдау және параметрлерін анықтау кезінде анықтамалық және оқу әдебиетімен жұмыс істеу дағдысы бар.	
КҚ3. Авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде такелаждық-іліп тасу жұмыстарын орындау	КМ03. Авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде такелаждық-іліп тасу жұмыстарын орындау	Осы модуль төтенше жағдайларды жою кезінде такелаждық-іліп тасу жұмыстарын орындау үшін қажетті жұмыстың нәтижесін, дағдыны және білімді сипаттайды. Модульді зерделеу кезінде білім алушылар мыналарды игереді: іліп тасу және такелаждық жұмыстарды жүргізу; жүкті қапсыру құрылғылары мен құралдардың сипаттамасы, оларды пайдалану ережесі; ілмектер мен арқанды сынау ережелері және есептеу әдістемесі; көлік құралдарын тиеуге дайындау, тиеуден кейін тазарту; көлік құралдарына тиеу кезінде көлемді және шағын жүктерді орналастыру ережелері. Білім алушылардың мынадай машқытар мен білімді игеруі маңызды: тасымалданатын жүктің салмағына және өлшеміне сәйкес қажетті ілмектерді таңдау; көтеру, тасымалдау және жинау үшін күрделілігі әртүрлі жүктерді ілуді және орап байлауды жүргізу; жүкті көлденең және тігінен жылжыту бойынша такелаждық жұмыстарды орындау.	Оқытудың нәтижесі: 1) Тасымалданатын жүктің салмағына және көлеміне сәйкес қажетті ілмектерді дайындау.		Төтенше жағдайлар кезіндегі іліп тасу және такелаждық жұмыстар Еңбекті қорғау Тұрмыс-тіршілік қауіпсіздігі Оқу практикасы өндірістік оқу
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1.Ілмектер мен арқандарды сынау ережесін және есептеу әдістемесін сақтайды. 2. Ілмектер беріктігі қорының коэффициентін анықтайды. 3. Арқан ілмектерді, траверстерді тексеруді жүргізеді және ақауын анықтауды жүзеге асырады. 4. Жүктің салмағы және өлшемі бойынша ілмектерді таңдай біледі. 5. Өлшемінің ауқымы, түрі, тығыздығы және геометриялық көлемі бойынша тасымалданатын жүктің салмағын есептейді. 6. Әртүрлі материалдарды, конструкциялар мен бұйымдарды іліктіруді және байлап бекітуді орындайды.	
			Оқытудың нәтижесі: 2) Көтеру, тасымалдау және жинау үшін күрделілігі әртүрлі жүктерді ілуді және орап байлауды жүргізу.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1.Бұйымдарды, бөлшектерді, тораптарды ілу және орап байлау ережесін сақтайды. 2.Типтік бұйымдарды ілу орындарын таңдайды. 3. Қарапайым бұйымдарды, бөлшектерді, жүктерді, төсемдерді және көтеруге, жылжытуға және көлік құралына жинауға арналған басқа да құралдар мен механимздерді ілу және орап байлау ережесін қолданады. 4.Ұзын жүктерге, ыдыстарға, құрылыс материалдарына және технологиялық жабдықтарға арналған ілу сызбасын қолданады. 5. Тасымалданатын жүктің салмағын және геометриялық өлшемін көзбен шолып анықтай алады. 6. Жүкті ілу, тасымалдау, түсіру және жұмысты аяқтау кезінде әрекет ету алгоритмін орындайды.	
			Оқытудың нәтижесі: 3) Жүкті көлденең және тігінен жылжыту бойынша такелаждық жұмыстарды орындау.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1.Қарапайым такелажды әзірлеуді, таңбалауды және оны жүк түсіруге дайындауды айыра алады. 2. Шартты сигналдарды біледі және олардың көмегімен кранышға команда бере алады. 3. Көлемі шағын жүкті көлденең жылжытудың белгіленген биіктігін бақылауды жүзеге асырады. 4. Көлемі шағын жүкті жылжыту аймағында адамдардың болуын көбен шолып бақылауды жүзеге асырады. 5. Ерекше сақтықты талап ететін жүктерді әртүрлі қабаттарға қолмен тасымалдауды, көтеруді және түсіруді жүзеге асырады. 6.Көлденең және тігінен жылжыту, жинау, бөлшектеу және жүктерді көлік құралдарына орналастыру бойынша такелаждық жұмыстарды орындайды.	
КҚ4. Төтенше жағдайлар объектілерінде слесарьлық және электр-газбен дәнекерлеу жұмыстарын орындау	КМ 04. Төтенше жағдайларды жою кезінде электр-газбен дәнекерлеу жұмыстарын орындау	Осы модуль төтенше жағдайларды жою кезінде электр-газбен дәнекерлеу жұмыстарын орындау үшін қажетті жұмыстың нәтижесін, дағдыны және білімді сипаттайды. Модульді зерделеу кезінде білім алушылар мыналарды игереді: -қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, олардың адамға әсері; қызмет көрсетілетін электр дәнекерлеу және плазмалық кесу машиналарының құрылысы, металдың маркасына және қалыңдығына байланысты металдың қызу режимін таңдау ережесі; әртүрлі болаттан, шойыннан, түрлі-түсті металдардан және қорытпалардан жасалған бөлшектерді дәнекерлеу және қорытудың негізгі технологиялық тәсілдері, оттегімен және газ-электрімен кесу кезіндегі кесу режимі және газдың жұмсалуы; сызуларды рәсімдеу ережелері; жазықтықтағы, кесуді бейнелеу және белгілеу шарттылығындағы негізгі геометриялық құрылыстар және ойманы белгілеу; қималарды орындау және белгілеуді еңгізу ережелері, түрлендірілген геометриялық денелердің ұңғыларын құру тәсілдері.	Оқытудың нәтижесі: 1) Слесарьлық-механикалық жұмыстарды орындау.		Электр-газбен дәнекерлеу Өндірістік оқу
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Слесарьлық-механикалық жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасын сақтайды. 2. Үй-жайлардағы микроклиматтық жағдайлардың адам ағзасына әсерін түсінеді. 3.Жұмыс аймағында микроклиматтың қалыпты параметрлерін сақтауға арналған іс-шараларды орындайды. 4.Өндірістік жарықтандыруға қойылатын негізгі талаптарды орындайды. 5.Жұмыстың түріне байланысты металл мен материалдарды таңдайды. 6. Металды шабады және бетін өңдейді, дайындайды. 7. Машина құрастыру сызуының негіздерін біледі. 8.Әртүрлі нақтылық дәрежесімен өңделетін бөлшектердің өлшемін жүргізеді. 9. Жинақтау бірліктері мен бұйымдарын байланыстыру түрлерін айыра алады. 10. Қажетті қималар мен кесулерді орындайды. 11.Бұйымдардың нобайларын, жұмыс сызуларын және техникалық суреттерін орындайды. 12. Құрастыру сызбасын талдауды жүргізеді. 13. Бөлшектерді жинауға дайындау. 14. Токарьлық-бұранда кесу, фрезерлік, сүргілеу, тегістеу станоктарына қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешенін орындайды. 15.Әртүрлі өлшеу және электрмеханикалық құралдарды пайдаланады.	
			Оқытудың нәтижесі: 2) Конструкциялық болаттан, түрлі-түсті металдардан және қорытпалардан жасалған конструкциялар мен құбыр жолдарын имектеп дәнекерлеру бойынша жұмысты орындау.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1.Электр-газбен дәрнекерлеу жүргізу кезінде еңбек қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтайды. 2. Металды дәнекерлеуге дайындайды және дәнекерлеу жабдығымен жұмыс істейді. 3.Қарапайым бөлшектерді құрастыруды және имектеп дәнекерлерулі орындайды.	
		Білім алушылардың мынадай жұмыстарды орындағандары маңызды: сумен жабдықтау, жылу желілеріндегі авариялар кезінде авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын орындау; қарапайым және күрделі кескіндерді оқу және орындау, жинақтау сызуларын орындау; сызбаларды оқу, оларды орындау ережелерін және шартты белгілерді білу; конструкциялық болаттан, түрлі-түсті металдардан және қорытпалардан жасалған конструкциялар мен құбыр жолдарын имектеп дәнекерлеру бойынша жұмысты орындау; металдарды газбен дәнекерлеру бойынша жұмысты қауіпсіз орындау; металдарды электр және газ дәнекерлегішімен имектеп кесуді жүргізу.	4. Тілімдер дайындауды және дәнекерлеу жібінің төменгі жағына дәнекерлеуді орындайды. 5. Біліктерді құрастыруды, имектеп қорытуды және тілімдерді еңіс, тік, көлденең тігістерге дәнекерлеуді орындайды. 12.Шеңберлі тігістерді имектеп дәнекерлеуді орындайды.		
			Оқытудың нәтижесі: 3) Металдарды газбен дәнекерлеу бойынша жұмыстарды орындау.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1.Жабдықты газбен дәнекерлеуге дайындау ережелері мен тәсілдерін сақтайды. 2. Дәнекерлеу кезінде қолданылатын газдар мен сұйықтықтардың негізгі қасиетін, олармен жұмыс істеуді; газ жалынының сипаттамасын; балондардың түсін және бояуын түсінеді. 3. Қысыммен жұмыс істейтін түтікшелерді қауіпсіз пайдалану шарттарын орындайды. 4.Қарапайым бөлшектер мен тораптарды газбен дәнекерлеуді орындайды. 5.Дәнекерлеу кезінде ақауларды жою тәсілдерін орындайды.	
			Оқытудың нәтижесі: 4) Электрмен имектеп және газ дәнекерлегішпен металдарды кесуді орындау.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1.Имектеп және оттегімен кесу ережелері мен тәсілдерін сақтайды. 2. Оттегімен және ауа-жалынды кесуге дайындау ережелері мен тәсілдерін сақтайды. 3.Көлемі шағын металл сынықтарын имектеп және қолмен оттегімен кесуді орындайды. 4. Көлемі шағын болат сынықтарын бензинмен және керосинмен кесу аппараттарымен кесуді орындайды.	

(Жалғасы 21-бетте)

(Жалғасы. Басы 18-20-беттерде)

ҚҚ5. Төтенше жағдайды жою аймағындағы авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар кезінде авариялық-құтқару техникасы мен жабдықтарын қолдану	КМ05. Авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар кезінде авариялық-құтқару техникасы мен жабдықтарын пайдалану.	Осы модуль іздеу-құтқару қызметтерінің авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар кезінде авариялық-құтқару техникасы мен жабдықтарын қолдану бойынша қажетті жұмысының ерекшелігін түсінуге қажетті жұмыстардың нәтижелілігін, дағдылар мен білімді, кәсіби қызмет саласында компьютердің және телекоммуникациялық құралдарды қолдануды, гидравликалық авариялық-құтқару құралын одан әрі пайдалануға, қызмет көрсетуге және жөндеуге мүмкіндік беретін гидравлика бойынша кәсіби білімді сипаттайды. Модульді зерделеу кезінде білім алушылар мыналарды игереді: авариялық-құтқару қызметтерін және олардың бөлімшелерін басқару және қызмет (кезекшілік) атқаруын ұйымдастыру әдістерін зерделеу; жедел авариялық-құтқару бөлімшелері жұмысының және диспечерлік қызметтің ұйымдастырылуымен танысу; авариялық-құтқару қызметтерінде экономикалық қызметтің негізгі мәселелерімен танысу; тұрмыс-тіршіліктің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық негіздері; төтенше жағдайлар жағдайында тұрмыс-тіршілік қаупсіздігін ретте у және нормалау қағидаттары; төтенше жағдайлар жағдайында конструкциялардың жұмыс істеу ерекшелігі; сызуларды ресімдеу ережелері; жазықтықтағы геометриялық салулардың негіздері; қираған конструкциялардың, құлаған ғимараттардың маңайындағы аймақтың сипаты; конструкцияларды күшейту әдістері; конструкциялардың жұмысын қалпына келтіру тәсілдері; қаланың, тұрғын ғимараттың және өндірістік объектінің коммуналдық-энергетикалық желілерінің сипаттамасы; сумен жабдықтау, газ-, электр-, жылумен жабдықтау желілерінің құрылысы; коммуналдық-энергетикалық желілерде төтенше жағдайлардың туындау себептері; авария орындары және негізгі зақымдау факторлары; ғимараттар мен құрылыстар құлаған кезде іздеу-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу; ақпаратты автоматты өңдеудің негізгі ұғымдары; бағдарламалық қамтымның түрлері; базалық жүйелік бағдарламалық өнімдер және кәсіби қызмет саласындағы қолданбалы бағдарламалар пакеті; компьютерлік және телекоммуникациялық құралдар; байланыс құралдары және оларды пайдалану ережелері; іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау. Білім алушылардың мынадай жұмыстарды орындағаны маңызды: бір, екі және өзара перпендекуляр жазықтықтарға тікбұрышты үлкейтуді орындау; аксонометриялық бейнелерді орындау; кәсіби жұмыстарды орындау үшін қарапайым сызуларды оқи білу; төтенше жағдайдың шиеленісуіне жол бермей құрылыс конструкцияларының жай-күйін бағалауды жүргізу; іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізудің таңдап алынған технологиясына сәйкес авариялық-құтқару техникасын және жабдығын пайдалану; сұйықтықтардың физикалық қасиетін, сорғылардың, құбыр жолдарының жұмыс істеу параметрлерін, сұйықтықтың қозғалыс режимдерін анықтау бойынша қарапайым есептер жүргізу; қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, төтенше жағдай аймағында авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізу.	Оқытудың нәтижесі: 1) Іздеу-құтқару қызметтерінің жұмысын реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілерді сақтау.			
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1.Төтенше жағдайларды ескерту және әрекет ету мемлекеттік жүйесін қалыптастыру және жұмыс істеуінің нормативтік құқықтық негізін біледі. 2.Азаматтық қорғау саласындағы заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтайды. 3. Жарғыны және іздеу-құтқару қызметінің жұмысын реттейтін негізгі нормативтік құқықтық құжаттарды сақтайды.	
			Оқытудың нәтижесі: 2) Жұмыстың жүргізілуімен танысу кезінде өзін-өзі ұстау ережелерін және қауіпсіздік ережелерінің негізгі талаптарын сақтау.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтың талаптарын сақтайды. 2. Техникалық және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістерін пайдаланады.	
			Оқытудың нәтижесі: 3) Авариялық-құтқару құралымдарында кезекшілік атқаруды ұйымдастыру негізін, құтқарушының функционалдық міндеттерін түсіну.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1.Кезекшілік атқару режимін, кезекшілік ауысымның құрамын, жедел кезекшінің негізгі міндеттерін түсінеді. 2. Кезекшілік ауысымның техникалық жабдықталуының рөлін, кезекшілік ауысымды қабылдау-тапсыру тәртібін, төтенше жағдай туралы сигнал алған кезде кезекші ауысым жеке құрамының әрекетін түсінеді. 3.Кезекші ауысым құтқарушыларының кәсіби даярлығын ұйымдастырудың негіздерін біледі. 4.Құтқарушы, техник-құтқарушы жұмысының ерекшелігін түсінеді.	
			Оқытудың нәтижесі: 4) Төтенше жағдайдың шиеленісуіне жол бермей құрылыс конструкцияларының жай-күйін бағалауды жүргізу		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Төтенше жағдайдың туындау себептерін және негізгі сипаттамаларын біледі. 2. Ғимараттар мен құрылыстардың қирауына алып келген техногендік және табиғи сипаттағы авариялар мен апаттарға сипаттама береді. 3. Конструкциялар-дың өздігімен қирауы мүмкін белгілерін айыра алады. 4.Қарапайым архитиктуралық-құрылыс сызуларын, бөлшектердің, конструкциялардың және құрастыру бірліктерінің сызуларын оқиды. 5. Конструкциялардың жай-күйін көзбен шолып бағалау жүргізеді және төтенше жағдай барынша әсер еткендерін аршуды және бөлшектеуді жүргізеді. 6. Қирау аймағында жұмыстар жүргізу кезінде еңбектің қорғалуын, қауіпсіздік шаралары мен техникасын сақтайды. 7. Дірілден, шудан, ультра және инфрадыбыстардан жеке қорғау құралдарын қолданады.	
			Оқытудың нәтижесі: 5) Іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізудің таңдап алынған технологиясына сәйкес авариялық-құтқару техникасын, құралдарын және жабдығын пайдалану.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1.Іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын штаттық техникалық құралдар мен жабдықтардың арналымын, тактикалық-техникалық сипаттамасын, оларды сақтау және жинақтау ережелерін түсінеді. 2.Сұйықтық қозғалысының түрлерін және режимдерін айыра алады, сұйықтықтың қысымын өлшеуге арналған аспаптарды қолданады. 3. Жергілікті қақтығыстардың коэффициенттерін анықтау бойынша, құбырлар мен резервуарлар қабырғасының қалыңдығын анықтау бойынша есептерді орындайды. 4. Белгіленген параметрлер бойынша сорғының өнімділігін және қысымын анықтайды. 5. Штаттық техникалық құралдар мен жабдықтарды дайындауды, оларды дұрыс пайдалануды біледі. 6. Іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде авариялық-құтқару құралдарымен жұмыс істейді. 7. Авариялық-құтқару машиналарын, авариялық-құтқару құралдары мен жабдықтарын олардың техникалық сипаттамасына сәйкес дұрыс қолдана алады. 8. Авариялық-құтқару техникасы мен жабдықтарын пайдалану, қызмет көрсету, жөндеу ережесін және қолдану технологиясын сақтайды.	Авариялық-құтқару техникасы мен жабдықтары Іздеу-құтқару жұмыстары Автоматтандырылған басқару жүйелері Гидравлика және жылу-салмақ алмасу Сызу Салалық маманның пәні Тұрмыс-тіршілік қауіпсіздігі Еңбекті қорғау Оқу-танысу практикасы
			Оқытудың нәтижесі: 6) Қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, төтенше жағдай аймағында авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар жүргізу.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Нормативтік құқықтық базаны және іздеу-құтқару жұмыстарын ұйымдастыруды сақтайды. 2. Іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде ұйымдастыру хабарлау, байланыс және басқару негіздерін пайдаланады. 3. Ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, тарату және жинақтау әдістері мен құралдарын біледі. 4. Автоматтандырылған басқару жүйелерін қолданады. 5. Ақпаратты жинауды, өңдеуді, сақтауды, таратуды және жинақтауды біледі. 6. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізуде кезекші ауысымның құрамында әрекет етуді біледі. 7. Қирау аймақтарын инженерлік барлау кезінде жеке құрамның әрекет ету тәртібін сақтайды. 6. Қираған ғимараттарда зардап шеккендер болуы мүмкін орындарды анықтайды. 7. Төтенше жағдайларды жою кезінде қауіпсіздік шараларын және еңбекті қорғауды сақтай отырып, іздеу-құтқару жұмыстарын орындайды.	

ҚҚ6. Жергілікті жерде жедел-қызметтік қызметтер орындау	КМ06. Жергілікті жерде жедел-қызметтік қызметтер орындау	Осы модуль жергелікті жерде жедел-қызметтік қызметтер орындау үшін қажетті жұмыстың нәтижесін, дағдыны және білімді сипаттайды. Модульді зерделеу кезінде білім алушылар мыналарды игереді: сызықтардың типтері, сызу қаріптері, масштабтар; сызуларды ресімдеу ережесі; жазықтықтағы геометриялық құрылыстардың негіздері; картада және жоспарда өлшеудің қарапайым тәсілдері; жергілікті жерде бағдар алу тәсілдері;жергілікті жердің тактикалық қасиеті және оның жедел-қызметтік қызметке әсері; құтқарушылардың өмірі мен денсаулығына қауіпті факторлар; қауіпті болжау тәсілдері және одан өту кезеңдері. Білім алушылардың мынадай жұмыстарды орындағаны маңызды: картада, жоспарда және жергілікті жерде қарапайым өлшеулерді орындау; жергілікті жердің тактикалық қасиеттерін бағалау және төтенше жағдайлар аймағында жағдайды бастапқы бағалау; төтенше жағдайлар кезінде тірі қалу бойынша бірінші кезекті әрекеттерді орындау және тірі қалу және тұрмыс-тіршілікті сақтау тәсілдерін орындау.	Оқытудың нәтижесі: Картада, жоспарда және жергілікті жерде қарапайым өлшеулерді орындау.	
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Сызуларда көрсету тәсілдерін түсінеді. 2. Сызудың арналымын және оны орындау масштабтарын анықтайды. 3. Топографиялық карталардың геометриялық мәнін, сыныптамасын және арналымын түсінеді. 4. Карталарды іріктеу, талап ету бойынша міндеттерді орындау және олармен жұмыс істеу ережесін біледі. 5. Карта бойынша қарапайым өлшемдерді жүзеге асырады. 6. Жергілікті жерде қарапайым өлшемдер орындайды. 7. Географиялық және тікбұрышты координаттарды анықтайды, координаттар бойынша картаға нүктелер түсіреді. 8. Карта бойынша бағдар алу бұрыштары мен бағыттарды анықтайды. 9. Карта, компас, жергілікті белгілер бойынша бағдар алады, бағытты сақтайды. 10. Топографиялық карта бойынша бедерді оқиды, әртүрлі тәсілдермен ылдилардың тік болуын және нүктелердің биіктігін анықтайды.	Топография ТЖ бағдар алу және тірі қалу тактикасы Сызу Психологиялық даярлық Өндірістік оқыту
			Оқытудың нәтижесі: 2) Жергілікті жердің тактикалық қасиеттерін бағалау және төтенше жағдайлар аймағында жағдайды бастапқы бағалау.		

		жедел-қызметтік қызметке әсері; құтқарушылардың өмірі мен денсаулығына қауіпті факторлар; қауіпті болжау тәсілдері және одан өту кезеңдері. Білім алушылардың мынадай жұмыстарды орындағаны маңызды: картада, жоспарда және жергілікті жерде қарапайым өлшеулерді орындау; жергілікті жердің тактикалық қасиеттерін бағалау және төтенше жағдайлар аймағында жағдайды бастапқы бағалау; төтенше жағдайлар кезінде тірі қалу бойынша бірінші кезекті әрекеттерді орындау және тірі қалу және тұрмыс-тіршілікті сақтау тәсілдерін орындау.	Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Жергілікті жердің негізгі түрлерін және тактикалық қасиеттерін біледі. 2. Карта бойынша жергілікті жердің тактикалық сипаттамасын жасайды. 3. Жүктелген міндеттерді орындау кезінде жергілікті жердің тактикалық қасиетін бағалайды. 4. Жергілікті жердің тактикалық қасиетіне байланысты төтенше жағдайдың дамуын болжауды орындайды. 5. Төтенше жағдай ауданында жекелеген объектілерді және жергілікті жердің учаскесін барлау тәсілдерін біледі.	
			Оқытудың нәтижесі: 3) Төтенше жағдайлар кезінде тірі қалу бойынша бірінші кезекті әрекеттерді орындау және тірі қалу және тұрмыс-тіршілікті сақтау тәсілдерін орындау.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Құтқарушылардың өмірі мен денсаулығына қауіпті факторларды түсінеді. 2. Тірі қалудың негізгі құрамдас бөліктерін, тірі қалу факторларын, тірі қалған адамның қажеттіліктерін, тірі қалудың психофизиологиялық аспектілерін түсінеді. 3. Қауіпті болжайды және одан өту кезеңдерін таңдайды. 4. Экстремалды жағдайларда жұмыс істеу қабілетін сақтайды. 5. Әртүрлі экстремалды жағдайларда тірі қалу тәсілдерін орындайды. 6. Экстремалды жағдайларда өзін-өзі құтқару тәсілдерін және дағдыларын қолданады. 7. Психикалық жай-күйін қалпына келтіру үшін психологиялық техниканы қолданады.	

ҚҚ7. Альпинистік технологиялар мен жабдықтарды қолдану кезінде сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру тәсілдерін қолдану.	КМ07. Төтенше жағдайларда альпинистік технологияларды пайдалану	Осы модуль төтенше жағдайлардағы альпинистік технологияларға қажетті жұмыстардың нәтижелілігін, дағдылар мен білімдерді сипаттайды. Модульді зерделеу кезінде білім алушылар мыналарды игереді: биіктікте және тіреуі жоқ кеңістікте жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдері мен құралдары, әртүрлі бедер нысанымен қозғалу тәсілдері; су кедергілері мен бөгеттері арқылы өтуді ұйымдастыру; қалалық және өндірістік құрылыс жағдайында альпинистік технологияларды қолдана отырып, іздеу-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру, төтенше жағдайлар аймағынан зардап шеккендерді тасымалдау тәсілдері. Білім алушылардың мынадай жұмыстарды орындағаны маңызды: -арнайы биіктік құралдарымен және жабдықтарымен жұмыс істеу; табиғи сипаттағы төтенше жағдайларда іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде альпинистік технологияларды қолдану; қалалық және өндірістік құрылыс жағдайында іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізу.	Оқытудың нәтижесі: 1) Арнайы биіктік құралдарымен және жабдықтарымен жұмыс істеу.		Кәсіби-қолданбалы даярлық (альпинистік технология) Еңбекті қорғау Өндірістік оқыту
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Құтқарушыларды даярлауға қойылатын біліктілік талаптарын орындайды. 2. Құтқару жабдықтары мен құралдарын қолдану бойынша стандарттарды, нұсқаулықтарды сақтайды. 3. Құтқару құралымдарының табельдік жабдықтарын, жеке және топтық табельдік жабдықтарды, құтқарушылардың киім-кешегін түсінеді. 4. Биіктіктегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын құралдар мен жабдықтарды қолданады. 5. Биктікте жұмыстар жүргізу кезінде қауіпсіздік шараларын орындайды.	
			Оқытудың нәтижесі: 2) Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларда іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде альпинистік технологияларды қолдану.		
			Бағалаудың өлшемшарттары:	1. Тауда қауіпсіздік техникасын және қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістерін сақтайды. 2. Биік таулы факторларды және биік тауға тән құбылыстарды түсінеді. 3. Биік таудың адам ағзасына әсерінің ерекшелігін түсінеді. 4. Әртүрлі жабдықтар мен тораптарды пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын орындайды. 5. Қауіп дәрежесін бағалай отырып, әртүрлі бедер нысандарымен жүреді. 6. Зақымдану ошағынан зардап шеккендерді алып шығу және тасымалдау әдістері мен тәсілдерін орындайды. 7. Ойлы-қырлы және таулы жермен жүру тәсілдерін біледі. 8. Тауда тірі қалу және тұрмыс-тіршілік тәсілдерін біледі.	
			Оқытудың нәтижесі: 3) Қалалық және өндірістік құрылыс жағдайында іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізу.		
